

#ЖаңаҚазақстан

Қазіргі ұрпақ өкілдері еліміз үшін табанды жұмыс істеуі керек. Біз бәріміз халық ретінде, ең алдымен, еңбекқор болуымыз қажет. Саяси ойындарға тосқауыл қойған жөн. Біз өткенге жалтақтамай, жарқын болашағымызға зор сеніммен қадам басуымыз керек.

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

ҚАЛА ТЫНЫСЫ



ЖАСТАР БАСПАНАМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

5

МӘДЕНИЕТ



ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ

7

КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!



АЛМАТЫДА ҮШЕМ ДҮНИЕГЕ КЕЛДІ

12

KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

2.07.2022

Түнде:



+18+20 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.

Күндіз:



+30+32 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

3.07.2022

Түнде:



+20+22 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



+33+35 °C

Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз.



Желдің жылдамдығы:
2-7 м/с

МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ



Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №76 (6211) 2 шілде, сенбі, 2022 жыл.

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫН ҚАРСЫ АЛАТЫН АУДАН

Шаһар басшысы Түрксіб ауданының тұрғындарымен кездесті



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

Бұл – шаһар басшысының халықпен сегізінші кездесуі. Аудан орталығындағы Мәдениет үйінде өткен іс-шараға 300-ден астам адам келді.

Түрксіб ауданы қаланың өнеркәсіптік, көліктік және логистикалық торабы болып табылады. Оның үлесіне Алматының өнеркәсіптік өндірісінің төрттен бір бөлігі тиесілі. Алматы қаласы әкімінің мәліметінше, биылғы 5 айдың қорытындысы бойынша өнеркәсіпте, инвестиция тартуда, құрылыста оң динамика байқалады.

2

3 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮНІ

Еліміз Ұлттық домбыра күнін атап өтеді

Қазақ халқы үшін домбыра ұлттық аспап қана емес, оның ары мен бары, қасиеті мен киесі. Менің бабам домбыраға үкі тағып, төріне ілген. Күйшілерді төредей күтіп, төбесіне көтерген. Біз «ес жиып, етек-жеңімізді жинағалы бері» қара домбырамен бірге жасасып келеміз. Айтпақшы, қазақтың киіз үйі, қара домбырасы және айтыс өнері бүкіл әлем елдерінің ең ежелгі мұралары ретінде ЮНЕСКО тізіміне енген. Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, ұлы даланың сазды сарынын жырлаған домбыра Қазақ елінің төрінде 2018 жылдан бері барлық сән-салтанатымен атап өтіліп келеді. Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында өмірге келген Ұлттық домбыра күні еліміздің түкпір-түкпірінде жылда мың сан іс-шара өтеді.



6

ҚЫСҚА...

- Қасым-Жомарт Тоқаев Реформалар жөніндегі жоғары кеңестің отырысын өткізді.
- «Алматы жастары» бағдарламасына 11 мыңнан аса алматылықтан өтініш түскен.
- Алматыда Сайран көлінен 8 адам құтқарылды.
- Түрксіб ауданында қосымша 300-ден астам бейнебақылау камерасы орнатылады.
- Шаһарға Pfizer вакцинасының 10 мың дозасы жеткізіледі.
- Алматыда Баум тоғайының 150 гектары абаттандырылады.
- Қалада апатты үйде тұрған 96 отбасы жаңа баспанаға көшті.

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006 >



ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫН

Шаһар басшысы Түрксіб ауданының

(Басы 1-бетте)

СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ МЕН КӘРІЗДІҢ МАГИСТРАЛЬДЫ ЖӘНЕ ІШКІ АУЛАЛЫҚ ЖЕЛІЛЕРІ САЛЫНДЫ

Кездесу барысында Алматы қаласының әкімі ауданның негізгі проблемалық мәселелерін, оның ішінде инженерлік желілер мен тұрғын үй қорының тозуын атап өтті. Ерболат Досаев жылыту, сумен жабдықтау және кәріз желілерін жаңғырту, тұрғын үй қорын күрделі жөндеу, әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту және дамыту қажет екеніне тоқталды.

Биыл қалаға қосылған «Әлмерек», «Қайрат», «Нұршашқан» шағынаудандарындағы үйлердің 90%-ына учаскелер шекарасына дейін сумен жабдықтау мен кәріздің магистральды және ішкі аулалық желілері салынды. Жыл соңына дейін Закарпатская көшесінде, «Жас қанат» және «Шуақты» шағынаудандарында желілер салынады. Бұл тағы мың үйді қосуға мүмкіндік береді. «Нижняя пятилетка» шағынауданында жұмыстарды келесі жылдың соңында аяқтау жоспарлануда. Бұдан басқа, осы жылдың соңына дейін ауданда ұзындығы 8,3 шақырым болатын 11 учаскесіндегі желілер қайта жаңғыртылатын болады.

Өз сөзінде Ерболат Досаев ауданда электрмен жабдықтау желілері 70%-ға тозғанын атап өтті. Бұл жиі үзілістерге, ажыратуларға және кернеудің жоғарылауына әкеледі. Мәселені шешу үшін Тұздыбастау қосалқы станциясы салынуда. Жыл соңына дейін «Шуақты» шағынауданындағы электр беру желілері жаңғыртылады. Шілде айында «Нұршашқан», «Қайрат» және «Әлмерек» шағынаудандарында жұмыстар басталады.

ЖОЛАЙРЫҚ ҚҰРЫЛЫСЫ ЖЫЛ СОҢЫНДА АЯҚТАЛАДЫ

Ауданда қаланың барлық ескі тұрғын үйлерінің 40%-ы шоғырланған. Осы жылы аталған мәселені шешу үшін 12 ескі үйдің



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

96 отбасы 2 жаңа көпқабатты үйлерге көшірілді. 211 пәтерлі тағы 8 көпқабатты үйдің құрылысы жүргізілуде.

Ауданның жол инфрақұрылымы қанағаттанарлық жағдайда – 439 немесе 486 көшенің 90%-ы асфальтталған. Қалған 47 көшенің 17-сінің 10,2 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ерболат Досаев жыл соңында Құлжа трактісі–Бұқтырма қиылысындағы жолайрық құрылысы аяқталатынын хабарлады.

Ауданда жаңбыр кезінде үнемі су басу байқалады. Бұл мәселені жедел шешу үшін 64 учаскеде ұзындығы 5,1 шақырым бола-

тын арықтар салынып, реконструкциялануда, келесі жылы ұзындығы 44 шақырым қалған арық жүйелерін салу және жөндеу жоспарланған.

Қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында аудан жолдарындағы «Сергек» камераларының саны екі есеге жуық – 82-ден 160-қа дейін ұлғайтылатын болады. Қосымша 322 бейнебақылау камерасы орнатылады, олардың бір бөлігі қиылыстарда, аулаларда, саябақтар мен скверлерде, білім беру және денсаулық сақтау объектілерінде, діни нысандар мен базарларда орнатылатын болады.

Түрксіб ауданында жоғары жылдамдықты интернетке қосылу жұмыстары жалғасуда. Талшықты-оптикалық желіге 342 үй, соның ішінде «Қайрат», «Әлмерек» шағынаудандары қосылды. Жыл соңына дейін Баум тоғайы мен «Нижняя пятилетка» шағынаудандарын қосу жоспарда бар.

АУДАНДА ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАН КӨП

Қала басшысы Түрксіб ауданында әлеуметтік нысандармен қамтамасыз ету қаланың басқа аудандарына қарағанда жоғары екенін атап өтті. Ауданның мектеп-

● СҰРАҚ-ЖАУАП

Әкімнің кезекті кездесуі әдеттегідей аудан өміріне қатысты баяндамадан басталып, жұртшылықтың көкейкесті сұрақтарына ұласты. Ерболат Досаев өзі атап өткендей, Түрксіб ауданындағы басты мәселелер: инженерлік желілердің ескіруі, іргесі жаңа қаланған ықшамаудандардағы ауызсу мен кәріз жүйесі мәселелері тілге тиек болды.



Жаңа нысандар ашылады

– Түрксіб ауданы халқымен кездесу алдында біздің ауданның түкпір-түкпірін аралап, бәрін өз көзіңізбен көрген шығарсыз. Сол арқылы елдің тұрмыс жағдайы мен қажеттілігін байқайсыз. Менің сізге қоятын сұрағым: «Жас қанат» елдімекенінде 10 жылдан астам уақыт болды, ауызсу жоқ. Кәріз жүйесі жоқ. Өткен жылы жұмыс басталды, бірақ әлі айтарлықтай ештеңе істелген жоқ. 3 ай бір жерді қазған болып, техника жұмыссыз тұрады. Бұл әдет пе, жоқ жоғарыда сенетін, тіреп тұрған біреуі бар ма? Кім біледі... Биыл бітетін шаруа емес секілді.

Екінші мәселе, көргенімді айтайын, кеше «Жас қанат» бір үй өртенді. Соған жақын жердегі өрт сөндірушілер 20–25 минутта әрең келді. Артынан бір көлік келді. Ақырында үй түгел өртеніп, ортасына түсті. Сонда мемлекеттік қызмет қалай жұмыс істейді? Мемлекеттік қызметкерлер шағымдар мен ұсыныстарға уақытылы жауап бермейді. Халыққа жақындау керек қой. Осы сіздің ойыңызда болса дейміз, – деп шағымданды қария.

– «Жас қанат» шағынауданы бойынша, онда көптеген жаңа құрылыс нысандары ашылуда. Жоспар бойынша мәселенің біраз бөлігін 2022-2023 жылдары шешсек, қалғанын 2024 жылы осы сұрақтардың барлығын бітіреміз, – деді қала әкімі.

Энергетика басқармасының хабарламасына сәйкес, «Жас қанат» бойынша 2 жоба іске асырылып жатыр. Олардың бірі – кәріз стансасы, оның үшеуінің біреуі салынды. Қалғанының құрылысында мердігер «АлматыИнстрой», су және кәріз жүйелеріне байланысты «ГНБ Мед» пен «Жасыл ел» құрылыс компаниялары жұмыс істеп жатыр. Осы жылдың аяғына дейін жұмысты аяқтау көзделіп отыр.

Ал өрт сөндіру мәселесіне қатысты қала әкімі жаңа аудандарда жаңа деполар салынатынын мәлімдеді.

«Алматыда, дәлірек айтқанда, Алатау, Наурызбай аудандары мен іргесі енді қаланған ықшамаудандарда 15 өрт сөндіруші депосы жетіспейді. Ендігі жылы деполардың санын көтереміз», – деп сөзін аяқтады әкім.

БАСҚАРМА БАСШЫЛАРЫ ӨЗГЕРЕДІ

Кездесу барысында күнделікті абаттандыру мәселелерінен бөлек, денсаулық сақтау мен әл-ауқат проблемалары да көтерілді. Мараш Шерханов есімді тұрғын осал топтағы жандарға арнайы салынып жатқан баспана санын арттыруды өтініп, жергілікті емхана қызметкерлеріне шағым түсірді. Нәтижесінде әкім Қалалық денсаулық сақтау басқармасы басшысы орнына конкурс жарияланатынын хабарлады.

– Біріншіден, мен Түрксіб ауданының әкімі Бақытжан Акжаровтың аудан өміріндегі оң рөлін атап өткім келеді. Менде медицина және халықтың әлеуметтік осал топтарына арналған тұрғын үй бойынша екі мәселе бар.

Шамасы, кейбір билік өкілдеріне (бұл сізге қатысты емес, сіз жақында ғана қала әкімі лауазымына тағайындалдыңыз) зейнеткерлер тұрмысы қажет емес. 16 мамырда мен сіздің қабылдауыңызда болдым, онда сіз жеке Тұрғын үй басқармасының басшыларына халықтың әлеуметтік осал топтарына 400 пәтер қарастыруды тапсырдыңыз. Сол жылы берілуі керек 216-дан басқа. Сондықтан сізден қосымша пәтерлер салуды жоспарлап, қарастыруды сұраймын, – деді аудан тұрғыны.

– «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында әлеуметтік тұрғын үйге қатысты арнайы қаражат қарастырылғанын білесіздер. Биыл бұған дейін бөлінген қаражаттан басқа қосымша қаражат бөлінбейді. Себебі, біз «Алматы жастарын» қаржыландырамыз. Жергілікті бюджеттің мүмкіндіктеріне қатысты қарайтын боламыз, – деп жауап қатты оған әкім.

– Сондай-ақ, медицина мәселесі. Адам үшін ең бастысы – денсаулық. Біз отандық медицина мен денсаулық сақтау сапасын қалай көтереміз, егер қазір №27 емханада жұмыс істейтін №20 емхананың бұрынғы бас дәрігерін жұмыстан шығару жөніндегі орынбасарыңыздың нұсқаулары орындалмаса. Олар менің әйелімнің кенеттен қайтыс болуына кінәлілер, оны комиссиялар мен куәгерлер растады. Сізден Алматы қаласында денсаулық сақтау сапасын



ҚАРСЫ АЛАТЫН АУДАН

тұрғындарымен кездесті



тері мен балабақшаларында орын тапшылығы 4,2 мың орынды құрайды. Жыл соңында «Қайрат» шағынауданындағы 1500 орынды мектеп пен Волочаевская көшесіндегі 300 орынды жекеменшік мектептің құрылысы аяқталады деп күтілуде. Бұл Түркісіб ауданындағы оқушы орындарының тапшылығы мәселесін толық шешуге мүмкіндік береді.

Үшінші тоқсанда №59 мектеп-гимназия үшін жаңа ғимараттың құрылысы басталады. Жыл соңына дейін «Жас қанат» шағынауданындағы балабақшада құрылыс жұмыстары қайта басталады. Келесі жылдың мамыр айында №70 балабақшаның сейсмотұрақтылығын күшейту аяқталады. 2023 жылдың соңына дейін «Қайрат» шағынауданында 260 орынды балабақшаның құрылысы аяқталады.

Халықтың өсуінің арқасында ауданның медициналық мекемелеріне жүктеме едәуір артты. Биыл Айбасов көшесіндегі 200 орынды емхананың жобалық құжатта-

масы әзірленді. Осы жылдың үшінші тоқсанында «Нұршашқан» шағынауданында 100 орынды емхана құрылысы басталады. «Әлмерек» және «РВ-90» шағынаудандарының әрқайсысында 200 орынды екі емхананың құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленетін болады. Қазіргі уақытта «Қайрат» шағынауданында 340 орынды емхана құрылысының жобалық құжаттамасы әзірленуде.

№20 қалалық емхананың дәрігерлік амбулаториясын тұрақты орналастыру үшін 13 әскери қалашықта жалға берілетін ғимаратты сатып алу жоспарлануда.

БАССЕЙНІ БАР СПОРТ КЕШЕНІ АШЫЛАДЫ

Түркісіб ауданында тұрғындар үшін спорт нысандарының «қадамдық қолжетімділігін» құру бойынша жұмыс жалғасуда. Осы жылдың наурыз айында «Жүлдіз» шағынауданында бассейні бар, гимнастикамен, жекпе-жекпен айналысуға

арналған залдары бар жеке денешынықтыру-сауықтыру кешені ашылды, жыл соңына дейін «Жас қанат» шағынауданында бассейні бар тағы бір спорт кешені іске қосылады. Қазан айында «Авиатор» стадионының және Огарев көшесіндегі даму және шығармашылық орталығының аумағында спорт кешенінің құрылысына мемлекеттік сараптама қорытындысын алу жоспарлануда.

Биыл «Халықтың бюджетке қатысуы» жобасына ауданға 800 млн теңге бөлінді. Тұрғындардың ұсыныстары бойынша 28 жоба іріктелді. Олардың ішіндегі ең ірілері – Сейфуллин даңғылы бойындағы кіреберіс торапты абаттандыру. Рысқұлов даңғылы, Ақкербез көшесі бойындағы жағалау аймағын қайта жаңарту, Майлин көшесі бойындағы саябақты бөлу. Жұмыстар ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады.

Алматы қаласының әкімімен кездесу барысында тұрғындар жолдардың жағда-

йын, кәріз және электр желілерін жөндеу, абаттандыру және т.б. мәселелерді көтерді. Қалай болғанда да, Алматыға келетін қонақтар алғаш табан тірейтін ауданның көрікті де жайлы болғаны жақсы.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен бекітілген халықпен кездесулердің жаңа форматына сәйкес жыл соңына дейін Ерболат Досаев халықпен 24 кездесу өткізеді – тоқсанына 8 ауданның тұрғындарымен бір-бір кездесу.

Еске салсақ, Алматы қаласы әкімінің тұрғындармен бірінші кездесуі биылғы жылдың екінші тоқсанында 14 сәуірде Бостандық ауданында, екіншісі – 28 сәуірде Алатау ауданының тұрғындарымен, үшіншісі – 12 мамырда Әуезов ауданында, төртіншісі – 19 мамырда Наурызбай ауданында, бесіншісі – 26 мамырда Жетісу ауданында, алтыншысы – 17 маусымда Медеу ауданында, жетіншісі – 23 маусымда Алмалы ауданында өтті.



арттыруға назар аударуыңызды сұраймын, – деді тағы да аудан тұрғыны.

– Мен тапсырма бердім, бұл мәселені бақылауда ұстаймын. Сіз маған жеке қабылдауда айтқаныңыздың барлығы өз шешімін табады. Сіздер білесіздер, бізде Алматы қаласының қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының жаңа бастығына конкурс жарияланады. Жаңа басшы келгеннен кейін олар түпкілікті шешім қабылдайды, – деді Ерболат Досаев.

ҮЙЛЕРДІ ЗАНДАСТЫРУ 1 ҚЫРКҮЙЕКТЕН БАСТАЛАДЫ

Түркісіб ауданында іргесі енді қаланған ықшамаудандардың жерлері кезінде бос жатқандықтан, оларды басып алу оқиғалары жиілеп, алаяқтар айлаларын асырған болатын. Нәтижесінде біраз адам үйлерін әлі күнге заңдастыра алмай келеді.

– Жасым 70-ке келді, 40 жыл ұстаздық қызметте жүрдім. Жеке басымның проблемасы 17 жылдан бері шешілмей келеді. 2005 жылы ақпан айында 10 сотық жерді бір алаяқтардан сатып алдым. Осы аумақтағы жерді 2009 жылдан бері елдер басып алып жатты, құжаттарын заңдастырып

алды, ал мен күні бүгінге дейін қағаздарымды ретке келтіре алмай келем. Біздің арызымызды ешкім елемей келеді. Сізге үміт артып келіп отырмыз, – деп өтінді тұрғын.

Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев Президенттің Жарлығы шыққан бойда арнайы комиссия құрылып, заңдастыру жүргізілетінін жеткізді.

– Жақында Президент заңдағы өзгерістерге қатысты қолын қойса, көп жылдары шешімін таппай келген осындай мәселелердің басын ашуға мүмкіндік туады. Президент қол қойғаннан кейін комиссия құрып беремін. 1 қыркүйектен комиссия осы мәселені қарайды. Осындай 80-дей үй бар, оның ішінде 50 үй Алматы облысынан келген, өзі басып алған жерлерді (самазахват) қарастыратын боламыз. Құжаттарыңыз болса, орынбасарым Мұхитқа берейін. Жер қатынасы басқармасы басшысы Ардақ Мәуленұлы маған сіздің қағаздарыңызды көрсетсін, әкім шеше алатын мәселе болса, бір жағына шығарып беруге көмектесемін, – деп жауап берді әкім.

ТҮРКІСІБТЕ СПОРТ КЕШЕНДЕРІ АШЫЛАДЫ

Айжан Шайқықызы есімді тұрғын Балалар жылына орай қандай мүмкіндіктер жасалатынын сұрады.

– Менің сұрағым балалар жайлы болмақ. «Бақытты отбасы» бағдарламасы пилоттық режимде ашылғалы бері аналардың біраз мәселелері шешілді: оқыту курстары ашылды, қажеттімен қамтамасыз етілді. Алайда, балалар мәселесі шешімін таппай келеді. Жазғы демалыс кезінде үйде бос жатқан балаларды тек мектептің лагеріне жіберуге тура келеді, бірақ оған көңілім толмайды. Күнделікті баланың жүріп-тұруына 500 теңгеден беруді қалта көтермейді. Сол балаларға тегін үйірмелер ашып берсеңіз.

Сосын біздің Осипенко көшесінің бойында «Арзан» атты дүкен болған, неше жыл болды бос тұр. Сол жерден спорттық кешен сияқты бір нысан салынса деймін, себебі «Абылайхан» кешені ақылы істейді, оның бағасын екінші бірі көтере алмайды, – деді.

Ерболат Досаев Түркісіб ауданында спорттық кешендерді салу мәселесін қарастыратынын жіті айтып, бала-

лардың бос уақытын тиімді етудің жолдарын қарастыруға уәде етті:

– Мектептердегі лагерьлер тегін, алайда балалар бірігіп, басқа іс-шараларға қатысар болса, ақылы болады. Сондықтан бұл мәселені ауданмен бірлесіп қарастырамыз. Ал енді спорттық кешендер бойынша алдағы уақытта қарастырып көрейін. Жер екі жыл бос тұрса да, біреудің жекеменшігінде ғой. Жалпы, Түркісіб ауданында мен айтқан жоспар бойынша біраз спорт кешендері ашылады. Жергілікті бюджеттен бөлінген ақшаға жасалып, қаржыланатындықтан, үйірмелерге ақы төлеу қажет болмайды. Кішкене күте тұрыңыз. Ендігі жылдың соңына дейін аяқтаймыз. «Бюджетке қатысу» бағдарламасына енген ойын алаңдарын алдымен салып бітейік, – деді қала әкімі.

Ал аудан әкімі Осипенко көшесі бойындағы нысан бұған дейін жалға алынғанын жеткізіп, қазір жалға беру уақыты аяқталғанын айтты. Алдағы уақытта аудан әкімдігі Саулет басқармасымен бірлесе отырып, ұсыныс жасайтын болады.

Р.С. Шаһар басшысының 300-ден астам тұрғындарымен кездесуі үш сағатқа созылып, 100-ден аса сұраққа жауап берілді. Нәтижесінде «Қайрат», «Әлмерек», «Нұршашқан» сынды жаңа ықшамаудандардың инфрақұрылымдық мәселелері 2022-2023 жылдардың жоспарына енгізіліп, шешімін таппақ. Жол жөндеу жұмыстары салдарынан маршруты өзгертілген қоғамдық көліктердің жол жүру бағыты 1 тамызға дейін қайта орнына келеді. Сонымен қатар, Түркісіб ауданында біршама әлеуметтік нысандар мен жолүсті көпірлер салынбақ.

Әзірлегендер Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ,
Динара МҰРАТ.



«АТАМНҮН АМАНАТЫ»

Батырлар алдындағы
борыш өтелді

Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

Досбол
АТАЖАН**Араға 80 жыл салып Ұлы
Отан соғысы жауынгер-
лерінің сүйегі Ресейден
Алматыға жеткізілді.**

Маусымның 27-сі күні Қазақстан Қарулы күштерінің әскери борты Ұлы Отан соғысы жылдарында қаза тапқан қазақстандық жауынгерлердің – Николай Матвеевич Гуровтың, Төрегелді Үркербаевтың және Петр Абрамович Фоменконың сүйектерін Мәскеуден Нұр-Сұлтанға жеткізген. Үркербаев Төрегелді – Алматы облысының Ұзынағаш кентінен, Гуров Николай Матвеевич – Алматы қаласынан екені нақтыланған соң, 2 соғыс жауынгерінің сүйегі елордадан Алматыға әкелінді. Ал Петр Абрамович Фоменко өз туған жері Қостанай облысына жерленетін болады.

Қаза тапқан жауынгерлердің сүйектерін жеткізуді «Атамнұн Аманату» қоғамдық ұйымы ұйымдастырды. Бұл ұйым Қазақстаннан Ұлы Отан соғысына аттанып, қаза тапқан және хабарсыз кеткен сарбаздардың жерленген жерін анықтау бойынша мұрағаттық-іздістіру жұмыстарымен айналысады. Құрылынына 3 жыл болған «Атамнұн Аманату» қоғамдық бірлестігінің

көмегіне 5 мыңнан астам қазақстандық жүгінген. Айтылған ұйым көршілес Қырғызстан, Өзбекстан, Ресейдегі туыстарын іздеушілерге де барынша көмектеседі.

Қан майданда жаумен арпалысып, Отан үшін қаза болған батырлар өз туған жерінде құрметпен қарсы алынды. Ресми іс-шараға Қазақстан Қарулы күштері, «Атамнұн Аманату» ұйымының өкілдері, Ұлы Отан соғысының ардагерлері және қаза болған жауынгерлердің туған туыстары қатысты.

Айта кеткен жөн, Николай Гуров Сталинград түбіндегі шайқаста атты әскерді басқарып, ерліктің үлгісін көрсеткен. Алайда, 1942 жылы елге келіп тұратын хат үзіліп, хабарсыз кеткен.

– Осынша уақыт өткенде ағамыздың мәйітінің табылуы біз үшін тосын жаңалық болды. Зерттеушілер мәйіттің кім екенін бірге жерлеген құжаттарынан білген. Осы құжаттардан оның лейтенант болғаны да анықталды, бұл да біз үшін жаңалық болды. Естуімізше, ағамыздың денесінің үстінде қарсыласының денесі жатқан. Соған қарағанда, ол қоян-қолтық ұрыста ерлікпен қаза тапқан, – деді Н.Гуровтың туысы Александр Горбовский.

Ал Воронеж маңынан табылған Төрегелді Үркербаевтың туыстары болмағандықтан, оның жерлеу рәсімін Жамбыл ауданы әкімшілігі өз мойнына алды.

ЗАҢСЫЗ ҚҰРЫЛЫС



Суретті түсірген Самат СЕРКІБАЙҰЛЫ.

«РҰҚСАТ АЛМАҒАН»

Алматыда сот шешімімен заңсыз салынған
тұрғын үй кешенін сүру басталдыАйжан
БҮРКІТБАЕВА**Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаевтың тапсырмасы бойынша тұрғындардың көптеген өтініштеріне байланысты «Шұғыла» ықшамауданы, Бәйтелі батыр көшесі, 24 мекенжайындағы заңсыз тұрғызылған 12 қабатты тұрғын үйді бұзу мәселесі көтерілген болатын.**

Нәтижесінде Алматы қаласы Қала құрылысын бақылау басқармасының талап-арызы қанағаттандырылып, Алматы қалалық соты аталған нысанды бұзу туралы шешім шығарды. Ғимаратты бұзу 1 шілдеде сот орындаушыларының қатысуымен басталды.

– Алматы қалалық сотының 2022 жылғы 18 наурыздағы қаулысымен Алматы қаласы әкімдігінің талап арызын қанағаттандыру және «Шұғыла» ықшамауданы, Бәйтелі батыр көшесі, 24 мекенжайы бойынша заңсыз салынып жатқан 12 қабатты көппәтерлі үйді бұзу туралы шешім қабылданды. «АРТ-ТЕХНОСС» ЖШС-мен сот ісі өткен жылдың маусымынан бері жалғасып келген болатын, – деді сот орындаушы Ардақ Әділхан.

Бұған дейін Қала құрылысын бақылау басқармасы нысанда тексеру жүргізіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласында бірқатар заң бұзушылықтарды анықтаған болатын. Салушыға қатысты әкімшілік хаттамалар жасалып, ескертулерді жою туралы ұйғарым шығарылды.

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот басқармасы да «АРТ-ТЕХНОСС» ЖШС-на заңсыз салынған нысанды бұзу туралы талап арызын қозғады.

2021 жылғы 9 желтоқсандағы сот шешімімен талап арыз қанағаттандырусыз қалдырылды. Осыдан кейін Қала құрылысын бақылау басқармасы Алматы қалалық сотына апелляциялық шағым түсірді: талап арыз қанағаттандырылды.

– Құрылысқа арыз-шағым көрішілерінен келіп түскен. Нысан заңсыз бой көтергеннен кейін, сот шешімі бойынша сүру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сүру жұмыстары 10 күннен артық уақытта аяқталады деп күтілуде, – деді Алматы қаласы қала құрылысын бақылау басқармасының Әуезов және Наурызбай аудандары бойынша бөлім басшысы Медет Ерболатұлы.

Спикерлердің айтуынша, «АРТ-ТЕХНОСС» ЖШС-ға тиесілі жерде 9 қабаттық үй салуға болады. Алайда, кәсіпорын үй салуға мүлдем рұқсат алмаған. Сол себептен, алдағы уақытта аталған жерге құрылыс жүргізу бойынша рұқсатын алса, үй салуға мүмкіндік тұмақ.

ТАҒЫМ

Ескерткіш-тақта ашылды

Алматыда аса көрнекті гидрогеолог, Ұлы Отан соғысының ардагері, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері, геология-минерология ғылымының докторы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, академик Жүрімбек Сыдыковтың құрметіне орнатылған мемориалдық тақтаның салтанатты ашылу рәсімі өтті.

Іс-шараға Алматы қаласының Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Алиев, У.М.Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институтының бас ғылыми қызметкері Мұрат Әбікенұлы, ҚР ҰҒА академиктерінің бір тобы және Жүрімбек Сыдыковтың туған туыстары қатысты.

Мемориалдық тақта Абай және Назарбаев көшелерінің қиылысында, аса көрнекті ғалымның 1973–2018 жылдары тұрған үйінде орнатылды.

– Абай атамыздың сөзі бар: «Өлді деу-



ге сия ма, айтыңдаршы, өлмейтұғын артында сөз қалдырған». Еңбегі ешқашан еш кетпейтін ағамыздың екі ай бұрын өзі қызмет еткен еңбек ордасында үлкен мемориалдық тақтасын ашқанбыз. Енді міне, өзінің қарашаңғырында ескерткіш-тақта қойылды. Қажырлы жұмысты талап ететін гидрогеология және гидрогеохимия саласында ел үшін сүбелі еңбек қосқан ағамыздың есімі ел есінде мәңгі қалатынына сенеміз, – деді Алматы қала-

сының Мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Данияр Алиев.

Айта кеткен жөн, Жүрімбек Сыдыков 1922 жылы 22 қыркүйекте Алматы облысы, Ақсу ауылында дүниеге келген. 1940 жылы қазақ орта мектебін үздік бітіріп, Ұлы Отан соғысының басталуына байланысты әскер қатарына шақырылған. 1944 жылы үшінші ауыр жаракаттан кейін әскерден қайтып, Қазақ тау-кен металлургия институтының геологиялық барлау факультетіне түскен.

Ж.Сыдыковтың 35 монографиясы, гидрогеология ғылымының әртүрлі бағыттары бойынша мерзімді басылымдарда барлығы 720 еңбегі жарияланған. Сонымен қатар, Гидрогеология және геоэкология институтының қорында Қазақстанның Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің басқаруымен Сыдыковтың жеке өзі және институт зертханасының қызметкерлерімен және басқарма қызметкерлерімен бірлесе отырып жүргізген 124 есептер мен карталар бар. Оның жетекшілігімен 11 докторлық және 25 кандидаттық диссертациялар қорғалған.

Дос ОРЫНБЕКҰЛЫ.

МАРАФОН

Белсенді қозғалыс –
денсаулық кепіліРая
ЕСКЕНДІР**Адамның спортты серік етіп, сергек қалпын сақтай білуінің өзі өнер. Өйткені, спортпен айналыссаңыз, өміріңіз ұзарады, көңіл күйіңіз де көтеріледі.**

Өзіңізді жеңіл сезінесіз, аураңыз да жақсарады. Әсіресе, қала қариялары үшін қимыл-қозғалыстың орны ерекше. Өйткені, ауылдағы бау-бақша, қоракосы қалада жоқ болғандықтан, қала қарияларының ермегі – спортпен айналысу. Содан да болар, қалада тұратын қариялар қимыл-қозғалысы мол спортқа жақындау келеді. Қаламыздың Жетісу ауданы аумағында тұратын зейнеткерлер қолы босай қалса, «Гүлдер» саябағына келіп, спорттың бірнеше түрімен айналысып жататынын жиі байқаймыз. Табиғаттың қай мезгілінде де қарияларды осы бақтан кездестіруге болады. Қарияларға әсіресе спорттың скандинавтық жүріс түрі ерекше ұнайды екен. Жетісу аудандық Ардагерлер кеңесі «Скандинавтық жүріс – денсаулық кепілі» атты марафонды жиі өткізіп отыруы да сондықтан болса керек. Қолдарына скандинавтық жүріске арналған таяқшаларын ұстап, өздерін сергек сезініп, кетіп бара жатқан қарияларды көргенде еріксіз сүйсінесіз. Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрайымы Тамара Мұхтарханқызы әрдайым денсаулыққа оң әсерін тигізетін, қимыл-қозғалысы мол скандинавтық жүрісті серік етуге шақырып отырады.

Қазір өркениетті мемлекеттер өз өмірлерін жақсарту үшін скандинавтық жүріспен айналысуды қолға алып жатыр. Өйткені, спорттың бұл түрі аяқ-қол мен бұлшық еттің жұмысын жақсартады. Біздің елімізде де скандинавтық жүрістің пайда болғанына көп уақыт бола қойған жоқ. Соған қарамастан, спорттың бұл түрімен айналысатындар қатары артып келеді. Адам әрдайым қимыл-қозғалыста болса, оның денсаулығы соғұрлым жақсаратыны сөзсіз. Скандинавтық жүріс те қарияларымыз үшін қан тамырларының, жүрек пен өкпе жұмысын белсенді түрде жақсартудың ең тиімді тәсілі.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

Нұржамал
ӘЛШЕВА**Биыл Алматы қаласында орта және жоғары білім беру ұйымдарын 56 мың жас бітіреді. Қала бойынша барлығы 255 мың оқушы-жас бар.**

Иә, Алматы ірі мегаполис болғандықтан, шаһарға арман қуып келетін қыз-жігіттер көп. Біз де ару қаламыздың жарқын жастармен көрікті болғанын қалаймыз. Бірақ оқу орындарын тәмамдап жатқан сол жастар бірден жұмыс тауып кете ала ма, бұл да бүгінгі күн тәртібінде тұрған мәселе.

Алматы қаласының әкімдігі жастарды жұмысқа орналастыру мәселесіне ерекше

Жас мамандар жерде қалмайды

көңіл бөледі. Алдағы өмірін, болашағын Алматымен бірге құрғысы келетін жас мамандардың керексіз болып қалмай жұмыспен қамтылуы үшін барлық жағдайды жасап келеді.

Жыл басынан бері Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығы мамандарының мұрындық болуымен жұмыспен қамту іс-шараларымен 4 мыңнан астам адам қамтылды. Оның ішінде 1822 адам тұрақты жұмыс тапқан. Ал мемлекет субсидиялайтын жұмыс орындарына («жастар практикасы», «алғашқы жұмыс орны», «жұртпақтар келісім-шарты», «қоғамдық жұмыстар», «әлеуметтік жұмыс орындары» бойынша) 2500-ден астам адам жіберілген. Кәсіптік бағдар беру жұмысымен

9 мыңға жуық адам қамтылды. Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығына 20–29 жас аралығындағы жастар көбірек жүгінеді. Олардың арасында жоғары білімді жастар басым.

Жыл басынан бері орталыққа жұмыс іздеген 5 мыңнан астам қыз-жігіт жүгінген. Оларға арналған «жастар практикасы», «алғашқы жұмыс орны» және «жұртпақтар келісім-шарты» деген бағдарламаларының артықшылығы – үлкен өмірге енді ғана қадам басқалы тұрған жас мамандарға тәжірибе жинауға, одан әрі жұмысқа орналасып кетуіне мүмкіндік береді. Еңбек нарығындағы бәсеке де артып, нәтижесінде жастар арасындағы жұмыссыздықтың түйіні шешіледі.



ТҰРҒЫН ҮЙ

Алматы қаласының Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы «Алматы жастары» қалалық жеңілдікпен несиелендіру бағдарламасының алдын ала қорытындысын шығарды.

Алматы қаласының 35 жасқа дейінгі жастарын қолдау мақсатында алғаш «Алматы жастары» жеңілдетілген несиелеудің қалалық бағдарламасы 2017 жылы әзірленіп, іске қосылған болатын. Алматы қаласы Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Ермек Әміров биыл өтініштерді қабылдау арнайы құрылған www.almaty-zhastary.kz сайты арқылы 2022 жылдың 18 мамыры мен 1 маусымы аралығында жүргізілгенін хабарлады. Осылайша бағдарламаға кіретін қаланың барлық тұрғындарына жеңілдетілген тұрғын үйді жалға алуға немесе баспаналы болуға мүмкіндік берілді.

«Бізге білім, денсаулық сақтау, әлеуметтік қызметтер, жоғары оқу



орындары мен ғылыми-зерттеу институттары, құқық қорғау органдары, мәдениет, БАҚ және спорт саласының қызметкерлерінен барлығы 11 199 өтініш келіп түсті. Бүгінде барлық келіп түскен өтініштердің талаптарға сәйкестігі тексерілді. Нәтижесінде 1676 өтініш қанағаттандырылды», – деді спикер.

ЖАСТАР БАСПАНАМЕН ҚАМТЫЛАДЫ

«Алматы жастары» бағдарламасының қорытындысы шықты

Өтініштерді қарау қорытындысы бойынша 1676 өтінімді мақұлдады, олар мына салалар бойынша:

1. Білім – 539.
2. Денсаулық сақтау – 444.
3. Құқық қорғау органдары – 263.
4. ЖОО мен ҒЗИ – 257.
5. Мәдениет – 89.
6. БАҚ – 35.
7. Әлеуметтік сала – 31.
8. Спорт – 18.

Өтініштер мен құжаттарды беру ашық түрде ЭСҚ кілті арқылы жүзеге асырылды. Келіп түскен өтінімдерді өңдеу кезінде оларға жолдаманың не үшін берілмеген себептері мыналар: жұмыс орнының бағдарлама талаптарына сәйкес келмеуі, ҚР бойынша меншік құқығында тұрғын үйдің болуы, соңғы 5 жыл ішінде тұрғын үйді иеліктен шығару, соңғы 6 айда зейнетақы төлемдерінің болмауы, ҚР бойынша тұрғын үйдің бар/жоқ екендігі туралы барлық отбасы мүшелеріне анықтамалардың болмауы, ҚР бойынша меншік құқығында тұрғын үйдің болуы сканерленген балалардың туу туралы

куәліктері және некеге тұру/бұзу және т.б. Осы себептерге байланысты 5042 үміткерге өтініш беруден бас тартылды.

Тағы 408 өтініш соңғы 6 айда зейнетақы жинақтарының болмауына байланысты қабылданбаса, 3847 өтініш жұмыс орнының Бағдарлама талаптарына сәйкес келмеуіне байланысты екінші кезеңге жіберілмеді. 65 жағдайда Қазақстан Республикасындағы меншігінде тұрғын үйдің болуына байланысты, сондай-ақ басқа да себептер бойынша, оның ішінде мүлікті иеліктен шығаруға байланысты бас тартылды.

Коммуналдық инфрақұрылымды дамыту басқармасы басшысының орынбасары Бағдарламаға қатысушылардың жеке кабинетінде де, веб-сайттағы өтінімдер тізімдерінде де берілген өтінімнің күйін өз бетінше бақылауы қажеттігін баса айтты.

«Әр бағыттар бойынша жинаған ұпайларына қарай алғашқы 1000 қатысушыға сайттағы жеке кабинетіне жолдама беріледі, оң бағаланған қалған 676 қатысушы негізгі тізім төлем қабілеттілігінен

өткенге дейін резервте болады», – деп айтты спикер. «Алматы жастары» бағдарламасы аясында өтініштер мен құжаттарды қарау қорытындысы бойынша толық ақпарат www.almaty-zhastary.kz сайтына орналастырылады.

Барлық іріктелген өтініш берушілерге «Отбасы Банкі» АҚ төлем қабілеттілігін растау үшін жолдама беріледі. Жолдама алған өтініш берушілер төлем қабілеттілігін бағалаудан өту үшін 15 жұмыс күні ішінде «Отбасы Банкі» АҚ кез келген қызмет көрсету орталығына хабарласуы қажет.

Төлем қабілеттілігін сәтті растаған қатысушылар 45 күнтізбелік күн ішінде бастапқы және қайталама нарықта баспананы өз бетінше таңдайды. Тұрғын үй замын беру мүмкіндігін қарастыру үшін таңдалған тұрғын үйге құжаттар банкте ұсынылады.

«Отбасы Банкіне» келмеген немесе төлем қабілеттілігі расталмаған жағдайда, Алматы қаласының әкімдігі оның күшін жоюға және келесі қатысушыға жолдама беруге құқылы.

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

«БЮДЖЕТКЕ ҚАТЫСУҒА» ӨТІНІШ ҚАБЫЛДАНАДЫ

Алматыда 2021 жылы қала тұрғындарының бастамасымен «Халықтың бюджетке қатысуы» бағдарламасы бойынша 256 жоба жүзеге асты

2019 жылы Алматы қаласы әкімдігі Қазақстанда алғаш рет «Халықтың бюджетке қатысуы» пилоттық жобасын іске асыруды бастады, оның мақсаты – тұрғындардың бастамалары мен ұсыныстары негізінде қала аудандарын дамыту мен абаттандыру.

Үш жылдан астам уақыт Алматыда жүзеге асып келе жатқан бұл бағдарламаға деген қызығушылық барған сайын артуда. Мысалы, 2021 жылы 934 өтініш түсті. 2020 жылмен салыстырғанда жобалық ұсыныстардың саны 17%-ға (795-тен), 2019 жылмен салыстырғанда 180%-ға (333-тен) артты.

«2021 жылы қала тұрғындары өз аулаларын, көшелерін және аудандарын дамыту және абаттандыру жөнінде 934 ұсыныс берді. Өткен жылдың қорытындысы бойынша қалалықтардың бастамасымен Алматыда құны 5,4 млрд теңге болатын 256 жоба іске асырылып, пайдалануға берілді», – деді Алматы қаласы қаржы басқармасының бөлім басшысы Айзат Қалжанова.

ҚАЛАЛЫҚТАР ДӘН РИЗА

Күні кеше ғана журналистер қауымына өткен жылдың қорытындысы ретінде халық қатысқан бюджет бойынша аяқталған жобаларға баспасөз туры ұйымдастырылды. Олардың ішінде: спорт алаңы, сквер, воркаут аймағы, ойын алаңы, иттерді серуендетуге арналған саябақ бар.

Біз көрген алғашқы нысан Шевченко көшесі мен Мұратбаев көшесі қиылысындағы заманауи Workout алаңы болды. Жобаға өтінім 2021 жылы аудан тұрғынынан түскен.

«Аталмыш жобаны іске асыру үшін жергілікті бюджеттен 25 миллион теңге бөлінген. Конкурстық рәсімдер наурыз айында өтіп, көп ұзамай қолданысқа берілді. Бүгінгі күні, міне, халық қызығын көруде», – деді Айзат Қалжанова.

Маманның айтуынша, бюджетке қатысу бағдарламасы бойынша қабылданған жобалар <https://budget.open-almaty.kz/> ресми сайтында жарияланып, 10 дауыстан артық жинаған жобалар ғана іске асырылады. Ал бұл жоба көпшіліктің көңілінен шығып, 25 дауыс жинаған.

Баспасөз туры барысында журналистерге Әуезов ауданында салынған спорт алаңы көрсетілді. Бұл жобаның авторы – қала тұрғыны Юлия Джарокова. Ол көпір астындағы кеңістікті абаттандыруды ұсынған еді.

«Мен өсіп келе жатқан жасөспірімнің анасы ретінде баламның қай жерде шынығуы мүмкін деп орын іздедім. Жакын жерде қолайлы жер болған жоқ. Бағдарлама туралы біліп, қатыстым. Іске асыру идеясын қағазға түсіріп, жүзеге асырдым, енді міне, бұл біздің ауданның көрікті жерінің біріне айнал-



Суреттерді түсірген Samat СЕРІКБАЙҰЛЫ.

ды. Осы мүмкіндікті көпшіліктің пайдалануына кеңес беремін. Өтінім беріңіздер. Жобаларды іске асырыңыздар», – деді спорт алаңы жобасының авторы Юлия Джарокова.

ӨТІНІШ БЕРЕМІН ДЕСЕҢІЗ...

Өз аулаңызды көркейтемін десеңіз немесе түйткілдің шешімін табуға ұсыныс білдіргіңіз келсе, бағдарламаға қатысуға өтінімді 20 шілдеге дейін budget.open-almaty.kz сайты арқылы беруге болады.

• Аталмыш сайтқа кіргеннен кейін басты беттен сәтті тіркеуді растап, «Жобаны ұсыну» бөліміне өту керек. Өтінім бергенге дейін «Халық қатысатын бюджетті» іске асыру қағидаларымен танысу абзал.

Ұсыныс берерде жобаның атауын, оның қысқаша сипаттамасын, санатын, ауданын және жоба ұсынысының мекенжайын көрсету керек. Келесі кадам – жобалық ұсыныстың нобайы мен сметасын сайтқа бекіту. Олардың болжамалы жоба екені ескертіледі, сондықтан авторлар ашық көздерден – интернеттен алынған ақпаратты пайдалана алады немесе өткен жылдардағы жобаларға сүйене алады.

Өтінішті қарауға жіберу үшін ол ұсынылған 8 санаттың біріне жатуы керек. Олардың ішінде балалар ойын алаңдары, спорт алаңдары, демалыс орындары, көгалдандыру, тротуарлар, пандустар, арықтар, жарықтандыру және т.б. Толық тізім жобаның сайтында көрсетілген.

• Келіп түскен өтінімдердің бағдарламаға сәйкестігін бағалау үшін әр аудан әкімдігі жанынан мәслихат депутаттарының, Алматы қаласы Қоғамдық кеңес мүшелерінің, сәу-

летшілердің, құрылыс саласы мамандарының қатысуымен сараптамалық кеңестер құрылады.

Бағалау кезінде жобалық ұсыныстар дауыс беруге, қайта қарауға жіберілуі немесе жобаны іріктеу өлшемшарттарына сәйкес келмеуіне байланысты қабылданбауы мүмкін. Әрбір жоба бойынша ақпарат алдын ала қабылдау хаттамаларында көрсетіліп, аудан әкімдіктері оны budget.open-almaty.kz порталында жариялайды.

• Қайта қарау қажет болған жағдайда ұсыныс авторына қайта қарау қажеттілігі туралы хабарлама электрондық поштаға жіберіледі. Автор жобаны ағымдағы жылдың 24-25 тамыз аралығында түзете алады. Қайта қаралған жобалар келесі 4 күн ішінде тексеріледі.

• Сараптамалық кеңестерде қайта қаралған ұсыныстарды қарастыру нәтижелері бойынша аудан әкімдіктері budget.open-almaty.kz порталында «Жобалар бойынша материалдар» бөлімінде рұқсат беру хаттамаларын жариялайды. Барлық сынан өткен жобалар дауыс беруге жіберіледі.

• Алматының әрбір тұрғыны тек 3 бастамаға дауыс беруге құқылы. Жобаға қатысушыларға ыңғайлы болу үшін онлайн дауыс беру және қағаз жүзінде дауыс беру – аудан әкімдік-

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Егер әлемдік практика туралы айтатын болсақ, онда азаматтардың өздері өмір сүру ортасын қалыптастыратын мұндай бағдарламаларды бастамашыл немесе партисипаторлық, бюджеттеу жобалары деп атайды. Мұндай тәжірибе алғаш рет Бразилияда 1989 жылы жүзеге асты. Порту-Алегри қаласының мэрі тұрғындарға үйлерінің аулаларында және қала көшелерінде не көргісі келетінін шешуге мүмкіндік берген кезде пайда болды. Эксперименттің сәтті болғаны соншалық, қазір әлемде халықтың бюджетке қатысуының 7,5 мың тәсілі бар. Мысалы, Португалияда барлық муниципалитеттердің жартысы азаматтардың тікелей бастамасы бойынша қаражаттың едәуір бөлігін бөледі. Ал Оңтүстік Кореяда қатысу бюджеті туралы заң бар, оған сәйкес қоршаған орта мен инфрақұрылым қандай болатынын шешу үшін азаматтарды міндетті түрде тарту қажет.

теріне немесе Open Almaty фронт-офисіне жеке бару кезінде қолжетімді.

Онлайн дауыс беру: budget.open-almaty.kz порталындағы «Дауыс беру» бөлімінде өзіңізге ұнаған жобалық ұсынысты таңдап, ЭЦҚ немесе ЖСН (SMS коды) арқылы өз дауысыңызды растау.

Қағаз жүзінде дауыс беру: кез келген аудан әкімдігіне немесе Open Almaty фронт-офисіне бару, өзіңізбен бірге жеке басыңызды куәландыратын құжат болуы керек; қағаздағы нысанды толтырып, сайлау жәшігіне тастау.

• Нәтижесінде budget.open-almaty.kz порталының деректері және қағаз жеткізгіштегі дауыстарды санау негізінде аудан әкімдігі дауыс беру нәтижелері туралы хаттаманы қалыптастырады және порталға орналастырады, онда бекітілген жобалар саны мен әр жобаға дауыс берген азаматтардың саны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Жобалар 2023 жылы жүзеге асырылады. Аудан әкімдіктері жобалық ұсыныстарды іске асыру барысы туралы, сондай-ақ оларды іске асыру нәтижелері туралы ақпаратты budget.open-almaty.kz порталының «Жоба материалдары» бөлімінде орналастырады.

P.S.

Өтінімдерді қабылдау мерзіміне 20 күннен астам уақыт қалды. Бүгінгі өзінде қала тұрғындарынан өз аудандарын абаттандыру бойынша 61 ұсыныс түскен. Бір жобалық ұсынысты іске асырудың шекті құны 61,2 млн теңгеден аспауы тиіс екенін ескертеміз.

Бетті әзірлеген Динара МҰРАТ.



РУХАНИЯТ

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҮНІ

Еліміз Ұлттық домбыра күнін атап өтеді

(Басы 1-бетте)

Ұлттық домбыра күні ең алғаш ресми түрде бекітілген күн әлі есімде. Жаз мезгілі. Сол күні қоғамдық көлікте едім. Таңертеңгілік уақыт. Жұмысқа келе жатырмын. Автобус радиосынан Шілденің бірінші жексенбісі – Ұлттық домбыра күні болып бекітілді деген жаңалықты естіп, кеуде тұсымның бір толқып басылғаны бар. Сөйтсем, жұдырықтай жүрегім екен ғой қуанған.

Сосын отырған орнымнан қозғалақтап қойып, «сіздер де естідіңіздер ме?» дегендей айналама мақтана көз тастадым. Неге мақтанбайын, ешқашан домбыра шертіп көрмесем де, жаным, жүрегім, болмысым қазақ қой! Ал қазақ – ол домбыра!



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

МЫҢ ЖҮРЕК

Иә, меніңше, әр қазақтың жүрегінде домбыра бар. Сол күні әлеуметтік желілердің беті бір-бірінен сүйінші сұраған ағайынның жазбаларына толып кеткен. Қалың қазақ қуанған сөйтіп. Дал осы күні күндіз-түні үлкен-кіші мың-миллион адам жіпсіз байланып отыратын әлеуметтік желі бетінде де қоңыр домбыра үні күмбірлеп ала жөнелгендей әсерде болғанымызды жасыра алмаймын. Қай жазбаға көз тоқтатсаңыз да, бәрінде киелі домбыра ән салып тұрғандай әсер қалдырғаны да есімде. Ала таңнан бір-бірін Ұлттық домбыра күнімен құттықтаған ағайын аста-төк қуанышын бөлісіп, жыршы-термешілерді айтпағанда, қарапайым әлеумет те төрінде ілулі тұрған домбырасын қолға алып, күмбірлете шерткен видеосын, суреттерін салып арқа-жарқа болып қалды. Тіпті, Домбыра күнін пайдаланып аталар мен немерелер де домбыра құшақтаған суреттерін желіге жарыса жүктеп жатты. Сондай жарасымды! Балғын саусақтарымен домбыра шерткен сүйкімді балақайлардың суреттеріне де мейірлене қарап қойып, «тауба, қазағым өсіп келеді, бар ғой, бармыз, домбыраны ұлықтайтын ұрпақ бар!» деп іштей сүйсінбеске шараң қалмайды екен.

Ал келесі жылғы мерекеде дәл осы күні дүние есігін ашқан бөбектердің аналарына жергілікті әкім-қаралар бауы берік болсын айта, арнайы перзентханаларға барып, нәрестелерге деп қазақтың кара домбырасын тарту етіп жатты. Ұлттық рухтың ұрығы сәби бойына ұлттық табиғи болмысымен және әлеуметтік ортаның әсерімен өзінен-өзі себілетінін ғалымдар баяғыда-ақ дәлелдеген.

Айналайын, қазағым, Фейсбук, Инстаграм әлеуметтік желілерінің бетін де сөйтіп қазақы той-думанға айналдырып жібергені бар. Ақпараттық технологияның қарыштап дамығаны соншалық, тек үлкен қалаларда ғана емес, аудан, алыс ауылдарда да өткен, рухты оятатын түрлі іс-шараларды үйде отырып-ақ тамашаладық, қол соқтық, тілеулес болдық.

Айтулы шараны шетелдерде жүрген қандастарымыздың да атап өткендігін осы әлеуметтік желіден оқып білдік.

ДИМАШ

Қазақтың қасиетті домбырасын елімізде ғана емес, алыс-жақын шетелдерде де танытқан тұлғалар аз емес. Мәселен, Әміре Қашаубаев тұңғыш рет Еуропада қазақ әнін шырқап, домбыраны күмбірлеткен өнер адамы ретінде тарихта қалды.

Өнші 1925 жылы Париждегі ЭКСПО аясында өткен бүкіләлемдік музыкалық байқауда домбырамен ән салып, Еуропа көрер-

мендерін тәнті етті және екінші орын иеленген. Сондай-ақ, 1927 жылы ән мен күйдің дүниежүзілік байқауына Германияның Франкфурт қаласына барып, онда да екінші орын алып қайтты.

Қазақтың әйгілі күйші-композиторы Дина Нұрпейісова 1937 жылы 75 жасында Мәскеуде Халық өнерпаздарының республикалық байқауына қатысқан. 1944 жылы 83 жасында Ташкенттегі онкүндікте тағы да жүлделі орындарды жеңіп алған.

Дина әжеміз бала күнінде-ақ Дәулеткерей, Мүсірәлі, Әлікей, Түркеш сынды күйшілердің күйін нақышына келтіре тартып, «домбырашы қыз» атанған. Оны әйгілі Құрманғазы өзі арнайы іздеп келген және батасын берген. Дина өз үйінен ұзатыларда әкесінің енші деп мінгізген қарақасқа атына арнап «Қарақасқа ат» күйін шығарады. Өзі пір тұтатын күйшілері Дәулеткерей мен Түркешке еліктеп «Бұлбұл», «Жігер», «Байжұма» күйлерін шығарған.

Ал бүгінде сол тұлғалардың ізін жалғап жүрген күміскөмей Димаш Құдайберген ұлымыз туралы әңгіме тіпті бөлек. Ол шетелдіктер арасында үлкен танымалдыққа ие. Димашымыз әлемге белгілі киноактер Джеки Чанның алдында домбыра тартқан болатын. Сондай-ақ, әлемдік сахналарда «Дайдай-ау» әнін орындамас бұрын «Адай» күйін тартатыны да бар. Димаштың бұл жетістіктері шетелдіктердің домбыраға деген құрметін артты-

ра түскендей. Себебі, бір кездері шетелдіктер Димаштың арқасында қазақ тілі мен домбыра курстарына жазыла бастаған болатын.

ІЗ ЖӘНЕ АҢЫЗ

Домбыраның шығу тарихы туралы бірнеше аңыз бар. Солардың ішіндегі біреуіне тоқтала кетейік.

Ерте заманда Алтайда екі ағайынды өмір сүріпті. Кішісінің қолынан домбырасы түспейтін болған деседі. Ол ойнаған кезде айналасын түгел ұмытатын көрінеді. Ал ағасы тәкаппарлау болыпты. Ол бірде атақ-абырой жинағысы келіп, өзен үстіне көпір салмаққа ниеттенеді. Сөйтіп, тас жинай бастайды. Көпірінің алғашқы тасын да қалай бастайды. Ал інісі күндіз-түні домбырасын шертіп отыра береді.

Сонымен, күн артынан күндер сырғи береді. Інісі ағасына қолғабыс етуге асықпайды, тек сүйікті аспабының қызығымен таң атырып, кеш батырады. Қатты ашуланған ағасы інісінің қолынан домбырасын жұлып алып, бар күшімен оны тасқа ұрып кеп қалады. Өлгінде ғана шанағынан әуені төгіліп тұрған домбыраның үні өшеді сол жерде. Бірақ таста ізі қалып қойған екен. Арада талай жылдар өткенде адамдар сол ізді тауып алып, соның ізімен жаңа домбыралар жасай бастаған көрінеді. Ал көптен әуенсіз қалған ауылда қайтадан музыка үні естіле бастаған деседі.

АБАЙ

Абай Құнанбайұлының соңында қалған өлеңдері мен кара сөздерінен бөлек, өзінің ішкі жан-дүниесін күй арқылы білдірген домбырасы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейінде негізгі экспонат ретінде көптеген жыл бойы көрермен назарына ұсынылып келеді.

Домбыраның ұзындығы 88 см, мойын ұзындығы 50 см, 12 пернеден тұрады. Басында үш құлағы орналасқан, қарағай ағашынан жасалған, түсі қоңыр. Шанағында 10 дыбыс саңылауы бар.

Бұл домбыраны Абайдың өзі және ақынның ұлы Ақылбай тартқан екен. Кейін бұл аспап мұра ретінде Ақылбайдың ұлы Исраилға қалады. 1959 жылы Исраил өмірден ұзап, кейіннен қыздары жәдігерді Семейдегі Абай Құнанбайұлының әдеби-мемориалдық музейіне тапсырған. Ал 1981 жылы Алматы қаласындағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі қорына алынады.

АРЫ МЕН БАРЫ

Қазақ халқы үшін домбыра ұлттық аспап қана емес, оның ары мен бары, қасиеті мен киесі. Менің бабам домбыраға үкі тағып, төріне ілген. Айтпақшы, қазақтың киіз үйі, кара домбырасы және айтыс өнері бүкіл әлем елдерінің ең ежелгі мұралары ретінде ЮНЕСКО тізіміне енген.

Ұрпақтан-ұрпаққа бабалардың үнін жеткізіп, ұлы даланың сазды сарынын жырлаған домбыра Қазақ елінің төрінде 2018 жылдан бері барлық сән-салтанатымен атап өтіліп келеді. Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау мен қайта жаңғырту идеясының төңірегінде одан әрі топтастыру мақсатында өмірге келген Ұлттық домбыра күні еліміздің түкпір-түкпірінде жылда мың сан іс-шара өтеді. Мыңдаған жас бір мезетте мың домбыраның шанағынан күмбірлете «Көңіл ашар», «Адай», «Балбырауын», «Ерке сылқым», «Сарыарқа» күйлерін төгілгенде, делебесі қозбайтын қазақ қалмайды-ау! Сол күмбірлеген күйлер біздің бірегейлігіміз бен рухани тұтастығымызды білдірсе керек. Сөйтіп, халқымыз қасиетті домбыра мен құдіретті күйді қаншалықты қадірлейтінін бүкіл елге, барша әлемге паш етіп отырмыз.

Иә, бұл айтулы күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі үлкен. Өскеген ұрпақтың қасиетті домбыраға, ұлттық өнерге деген құлшынысын арттыра түсері де сөзсіз.

Ең қуантары, бұл мереке науқаншылықтан ада, өзінің қоңыр үні мен қоңыр болмысына сай ұлтымыздың жадын жаңғыртып отыратындай күн болып келе жатқаны қуантады.

НЕ?

Ойын-сауық



Өтетін орны: Жібек жолы және Панфилов көшелерінде – «Секіртпе» – домбырада ойнауды үйрету бойынша мастер-класс;
– Алматы қаласының қонақтары мен тұрғындары арасында «Сегіз қырлы» байқауы;
– Музыкалық викторина;
– флешмоб.
Күні мен уақыты: 1-2 шілде, 11.00-ден 19.00-ге дейін.

ҚАЙДА?

«Телқоңыр» концерті



Өтетін орны: Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі. Ұлттық домбыра күніне арналған «Телқоңыр» концерті.
Ұзақтығы: 1 сағат.
Күні мен уақыты: 2 шілде, 20.30-21.00.

ҚАШАН?

«Ән домбыра» атты сазды кеш



Өтетін орны: «Алатау» дәстүрлі өнер театры.
Ұзақтығы: 1 сағат, 40 минут.
Кіру тегін
Қосымша: тамақ пен сусындармен кіруге тыйым салынады.
Күні мен уақыты: 2 шілде, 15.00.



МӘДЕНИЕТ

Ұлы дала өзінше ғажап бір тылсым іспетті. Әрбір тауы, тасы, орман мен өзен-көлі – бәрі-бәрі ғажайып. Ал осы ғажаптың құдіретін сездіретін бір аспап болса, ол – домбыра.

ДОМБЫРА – ҚАЗАҚТЫҢ РУХЫ



Олжас
ЖОЛДЫБАЙ

Атақты ақын Қадыр Мырза-Әлі «нағыз қазақ – домбыра» деп текке айтпаса керек. Біздің дархан даламызда ақын да, батыр да – баршасы домбыра шертіп, жыр-термені нәшіне келтіріп төгілте жырлаған. Тарихи дереккөздерде Абылай хан 20-дан астам күй шығарған деседі. Бір аңыздарда Шыңғыс ханның баласы Жошыны киік теуіп мерт болыпты деседі. Соны ханға естірту үшін домбыраны пайдаланыпты. Осы күйдің астарын түсінген айбынды Теміршын домбыраға қорғасын құйдырыпты. Содан ортанғы ұңғыма тесігі кішірейіпті-міс. Жалпы, әр аңыздың астарында шындық лебі есері айқын.

ЖҮРЕКТІҢ ҚЫЛЫН ШЕРТЕДІ

Әр халықты ерекшелейтін құндылықтар бар. Сол арқылы өзгелер оның дәстүр-салтын, мәдениетін біледі. Ал біз үшін ең қастерлі дүние домбыра екені анық.

Байқап қарасаңыз, домбыра ырғағының өзіндік құдіреті байқалады. Соның нәтижесінде құлағыңыздан кірген әуен 62 тамырыңызды шымырлатады. Соңғы уақыттары әлеуметтік желіде әртүрлі әндерді шертіп жатқандарды көзіміз шалды. Шетелдік музыкалар қазақтың аспабынан естілгенде тұла бойыңыз жибиді. Бұл дегеніміз – ұлттық жәдігеріміздің заманауи кейіпке де енгендігін байқатады.

Домбыраның тыңдарманға берер әсері зор. Сонымен бірге, әр әнді өз ерекшелігімен әсерлендіреді десек, артық айтпағандық болар. Себебі, біз қоңыр үнді жанымызға жақын тартамыз. Құлақты саңырау ететін көп ырғақ көбіне шаршатады. Бәлкім, бірер сәтке сәнді көрінгенмен, ұзақ тыңдай алмайсыз. Бізге ең ыңғайлысы бірқалыпты әуендер деп айтар едік. Осы орайда барша тыңдаушыға әсер етер құдіреті туралы ойларды келтірейік.

НАҚТЫРАҚ:

- Көңілге ой салады;
- Көңілді жадыратады;
- Сезімді серпілтеді;
- Рух береді.

Осы аталған жіктеулердің қай-қайсысы болса да, адам жанына жағады. Көкіректегі сырлы сезімді жырлайды. Бір-бірін сүйген ғашықтар жүрек сезімін сездіре алады. Бұл – қазақтың қайталанбас ғажайып туындысы.

ДОМБЫРА МЕН ДӘСТҮР

Қазақтың халық әндерінің астары тереңде жатыр. Әрбірі ғасырмен астасып, тарихпен үндесіп, шежіремен сырласып жатыр.

Егер қарапайым пайымдасақ, домбыра мен дәстүр егіз ұғым. Екеуін ажыратып қарау әбестік болар. Олай болатынының да өз себебі бар. Баланың дүниеге келуі әнмен өрі-

леді. Ержетіп, үйленуі, ұзақ жасауы, тіпті дүниеден өтуі – барлығына домбыра қатысады. Сол арқылы өзімізге тиісті дүниетанымымызды бағамдап қаламыз.

Бізден басқа бауырлас түркі халықтарында домбыра тектес аспаптар кездеседі. Алайда, олардың бірінде ұңғымасы тым үлкен болса, ендігісінде бірнеше ішекті көресіз. Дегенмен, бәрінің түбірі бір екендігі аңғарылып тұрады. Онысын біріміз аңғарсақ, екіншіміз байқамаймыз. Дегенмен, туыстас жұрттың ортақ туындысы екені тағы рас. Оны ешкім жоққа шығара қоймас.

Домбыра жыраудың айтар ойларын көпшілікке паш еткен. Құрдан-құр бақырғанды емес, домбырамен тамылжыта ән салғанды кім-кімде ұнатады. Күйкі тірліктен бір сәт қол үзіп, әсем ән мен тәтті күй тыңдағанды ұнатпайтындар кемде-кем шығар.

5 ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Дүниеде тауды өзеннен бөлек ажыратып қарай алмасамыз анық. Егер ондай болған болса, тартымды болмас болар. Сол сынды, қазақты домбырасыз елестету қиын.

Әлемде әр халықтың өз аспабы бар екендігін айттық. Мәселен, испандықтар гитараны, орыстар балалайканы, өзбектер керней-сырнайды қадірлейді. Осы тізімді үздіксіз жалғастыра беруге болады. Ал біз үшін ең киелі де жауһарымыз – домбыра. Ендеше, ұлтымыздың ұлы құндылығы жөнінде бірнеше деректі назарларыңызға ұсынамыз.



- Швейцариялық компания алтынмен апталған, күміспен күнтелген домбыра шығарды. Оған 24 қаратты сағуар тасы бар саф алтын пайдаланылған. Құны – 50 мың еуро.
- Гиннестің рекордтар кітабына енген ең кішкентай домбыраның ұзындығы 4 см, 5 мм, ені 1 см 4 мм. Бұйым шамамен бір айға жуық уақытта жасалған. Құлақтары, ішектері, сыртқабы да бар.
- Домбыра туралы мәлімет 2013 жылы Гиннесс рекордтар кітабына тағы бір мәрте тіркелген. Бұл жолы Атыраудағы жағдай сенсациялық жаңалық ретінде берілген. Қазақтың көрнекті күйші-композиторы Құрманғазының 190 жылдығына орай ұйымдастырылған музыкалық фестивальде 1000 домбырашы қатар өнер көрсеткен.
- 2016 жылы 19 жасар Ерайдың Тасболат домбырамен Еуропаның жэне Ресейдің аса биік шыңы Эльбруста күй шертіп, елді таңқалдырған. Ол бұл өнерін ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына тарту еткен.
- Қытайдағы қандастарымыз дүние жүзіндегі ең үлкен домбыраны жасаған.

Құлжадағы ағалы-інілі шеберлер Бақыт-келді мен Бақытнұр Аренгазылар ұзындығы 7 метр, шанағының кеңдігі 1,8 метр ұлттық аспапты жасап шыққан.

ҚҰНДЫЛЫҚ ҚАШАН ДА ҚАСТЕРЛЕНЕДІ

Құндылықтарын қастерлеген ел өркендейді. Оның рухани көкжиегі кең болады. Бұл адамзат мәдениетінің жазылмаған заңы.

Дүние жүзі бойынша әртүрлі айрықша мереке күндері белгіленген. Соның арқасында қай елде қандай мейрамның маңызы жоғары екендігін білеміз. Мысал үшін Оңтүстік Америкада, оның ішінде Бразилияда үлкен-үлкен «карнавалдар» өтеді. Салыстырмалы түрде ауқымы басқалау болғанымен, ол сол елдің құндылығынан хабар береді.

Біз домбырасыз өмір жолымызды елестете алмасамыз ақиқат. Осыдан бірнеше жыл бұрын елімізде Ұлттық домбыра күні аталып өтіле басталды. Соның нәтижесінде шілденің бірінші жексенбісі арнайы мереке ретінде белгіленді. Міне, содан бері жыл сайын ұлттық жауһарымызды ардақтап келеміз.

Егер қаракөздеріміз отаншыл азамат болып қалыптассын десек, домбыраны дәріптеуді тоқтатпау керек. Әйтпесе, рухани жұтандыққа тап боламыз. Ал оның зардабы айтпаса да түсінікті.

Еліміздің білім ошақтарында домбыра сабағы факультатив ретінде өтілуде. Бұл да алға жылжудың көрінісін білдіреді. Жалпы айтқанда, өз құндылығымыздың маңызын арттыру тек өзімізге ғана керек.

● ТҮЙІН:

Құндылық – рухани-моральдық байлық. Оны ешбір нәрсемен өлшей алмайсыз. Бір дүниені анық түсінген абзал. Егер халқымыздың сан ғасырлық мұрасын көздің қарашығындай сақтап, қастерлеп, болашақ ұрпаққа аманаттай алсақ, онда озғанымыз. Осы жағынан келгенде айтылар ойлар көп. Көңілде самсап тұрған сырлардың жөні бір бөлек. Жаһандану дәуірінен құтқаратын бірден-бір жәдігер болса, ол – домбыра. Сондықтан оның қадіріне жетейік, ардақтап, дәріптейік дегіміз келеді.



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

НЕ?


«Домбыра party»



Өтетін орны:
Наурызбай ауданы әкімдігінің ғимаратында, ашық аспан астында ұйымдастырылады.
Күні мен уақыты:
2 шілде, 18.00.
Жас шектеуі: Жок.

ҚАЙДА?

Флешмоб



Өтетін орны:
Алмалы ауданының «Mega park» сауда кешені.
«Ұлттық Домбыра» топтық биі
Күні мен уақыты:
3 шілде, 12.30.

ҚАШАН?

«Домбыра-дастан» атты сазды кеш



Өтетін орны:
Абай алаңында.
Ұзақтығы: 1 сағат, 30 минут.
Жас санаты: 3+
Күні мен уақыты:
2 шілде.

Әзірлеген
Ақтолқын
ТҮРЛЫҒАЗЫ.



ГРАНТ

ҚҰЖАТ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Биылғы Балалар жылына орай еліміз бойынша 128 мың грант бөлініп, бұрын-соңды болмаған рекордтық көрсеткішке жетіп отыр. Былтырға қарағанда биыл 45 мың грант артық бөлінген.

Биылғы жылдың басты ерекшелігі – білім беру гранттарының басым бөлігі IT, құрылыс, инженерия, металлургия сынды техникалық мамандықтарға бөлініп отыр. Сонымен қатар, тағы да бір жағымды жаңалық бар. Алдағы оқу жылынан бастап қазақстандық колледждер «Робототехника және кіріктірілетін жүйелер», «Аддитив өндірісі технологиялары», «Ғимараттарды жобалау мен пайдаланудың автоматтандырылған жүйелері», «Графика және мультимедия дизайны», «Ландшафт дизайны» және басқа да жаңа мамандықтар бойынша кадрлар даярлауды бастайтын болады.

Сонымен қатар, дәл қазіргі кезеңде колледждерде талапкерлерге ыңғайлы болу үшін құжаттарды қабылдау үрдісі автоматтандырылды. Құжаттар eGov.kz электронды үкімет порталы арқылы қабылданып, колледждерде дәстүрлі қағаз форматында да жүзеге асырылып жатыр.

Биылғы жылдың тағы бір жағымды жаңалығы – бұдан былай талапкерлер бірден 4 мамандықты таңдап, еліміздің 4 колледжіне құжат тапсыра алады. Бұған дейін гранттарды колледждер арасында білім басқармалары бөлген болса, енді мемлекеттік тапсырыс талапкерлердің таңдауы бойынша бөлінеді. Яғни түлек таңдаған мамандығына қарай қайда оқуға түскісі келсе, бюджет ақшасы сол мекемеге бөлінетін болады. Бүгінгі таңда еліміз бойынша 9-сынып түлектерінің 70%-ға жуығы колледждерде мемлекет есебінен тегін оқып жатыр. Биылдан бастап мемлекеттік тапсырыс 45 мың орынға көбейді. Бұдан өзге, министрлік



жұмысқа орналастыру міндетмесімен кәсіп-орындардың сұранысы бойынша кадрларды мақсатты даярлауды да енгізіп отыр. Яғни қазірдің өзінде колледж түлектерінің жұмысқа орналасуына кепілдік бар. Бұл үрдіс еңбек нарығының сұранысына сай мамандарды шығаруға және оларды даярлау сапасын арттыруға мүмкіндік береді. Мемлекеттік тапсырысты орналастырудағы ашықтық барлығына техникалық және кәсіптік білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етеді және колледждер арасындағы бәсекелестікті арттырады.

Еңбек нарығында жұмысшы мамандығына да сұраныс жоғары. Сондықтан кәсіби жұмысшы мамандығын алғысы келетін орта мектеп түлектері, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар колледжге әңгімелесу қорытындысы бойынша қабылданады. Олар eGov.kz арқылы онлайн өтініш бере алады немесе құжаттарды тікелей колледжге тапсырады.

Педагогикалық, медициналық және шығармашылық мамандықтарға түсетін

түлектер арнайы не болмаса шығармашылық емтихандар тапсырады немесе әңгімелесуден өтеді. Қазір колледждердің қабылдау комиссиялары әңгімелесу жүргізуді бастады.

Сонымен, елімізде мемлекеттік тапсырыс бойынша 9-сынып талапкерлері арасындағы конкурс 19–22 тамыз аралығында, ал 11-сынып және колледж түлектері арасындағы байқау 22–25 тамыз аралығында өтеді. Өнер және мәдениет мамандықтарына түсетіндер үшін байқау 29 шілде мен 2 тамыз аралығында өтеді. Осы ретте былтырдан бастап квота санаттарының тізімі кеңейтіліп, 9 санатқа берілетінін тағы да еске түсіре кетейік.

Көпбалалы отбасы балалары үшін 5%, кемінде үш жыл толық емес отбасы мәртебесі бар отбасы балалары үшін – 1%, бала кезінен мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған отбасылардан шыққан балалар, I және II топтағы мүгедектер үшін – 1% квота енгізілді. Егер ұпайлар тең болған жағдайда, квота санаты мен сертификаттың орташа балы есепке алынатын болады.

АЛҒЫС

Тағылымы биік білім ордасы

Мемлекет басшысы Қ.Ж.Тоқаев Президенттік жастар кадрлық резервіне өткен жастармен кездесуінде елдің кемел келешегі, мемлекетімізді дамытушы жастардың әлеуметтік-саяси істерге араласуы өте маңызды саналатындығын айта келе, әрбір қоғамда озық ойлы, білімді де білікті, бәсекеге қабілетті мамандарды қалыптастыру өзектілігін жоймайтындығын көрсетіп берді.

Осы орайда, мектеп оқушыларын білім нәрімен сусындатып, тағылымды тәрбие беріп, талайларға үлгі болып отырған №178 мамандандырылған лицейдің шоқтығы биік. Еліміздің абыройын асқақтату мақсатында еңбек етіп отырған мамандандырылған лицейдің мұғалімдері де өз істеріне аса жауапкершілікпен қарайды. Лицей директоры Қайратбек Хамзаханұлы өз ісінің кәсіби шебері болуымен бірге, әрбір оқушының ата-аналарымен де тиімді байланыс орнатуды жолға қойған. Лицейдің 10 жылдық тарихында 500-ге тарта, сонымен бірге биылғы оқу жылының өзінде 18 «Алтын белгі» иегерінің шығуы іс жүзіндегі лицейдің әлеуетін көрсетіп отыр. Сонымен бірге жыл сайын лицей түлектерінің 95–97%-ы мемлекеттік грантқа ие болып отыр.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов соңғы жылдары пәндік олимпиадаларды үздіксіз өткізіп, жүлделі оқушыларды қолдауға мемлекет деңгейінде мән беріп отырғандығы белгілі. Осы орайда, биылғы жылдың өзінде 9–11-сынып оқушылары арасында өткен республикалық олимпиадаға қатысқан 7 оқушының 5-суі жүлделі орындарды иеленді. Ата-ана ретінде және ғылым кандидаты ретінде, аталмыш лицейдің басшылығына, мектеп ұжымына айтар алғысымыз шексіз. Ең бастысы, балаларымыздың лицейдің оқу-тәрбие үрдісіне көңілдері толады.

Дархан БАЙДАЛИЕВ,
педагогика ғылымының кандидаты,
доцент.

БАЛАБАҚША

Бірыңғай база құрылады

Еліміз бойынша балабақша кезегінің бірыңғай базасы құрылатын болады. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған 34 мыңнан астам орынды қамтитын 322 балабақша ашылатын болды.

Мәселен, 9,4 мың орынға арналған балабақшаның 130-ы алдағы 5 айда ашылса, жыл соңына дейін 3–6 жастағы балаларды балабақшалармен қамту 99,3 пайызға дейін жеткізілу жоспарланып отыр. Жекеменшік балабақшаларда орын алған келесіздіктерге жол бермеу үшін қауіпсіздік шараларын күшейтіп, білікті мамандармен қамтамасыз ету, сондай-ақ бейнебақылау, жиһазбен жабдықтау талаптарының орындалуын қадағалау, мемлекеттік тапсырыстың сапасын вачерлік тетік арқылы жақсарту көзделген.

Биылғы жылы 15 мыңнан астам тәрбиеші жаңа модель бойынша тиісті курстардан өтіп жатыр. Жаңа оқу жылында үздік балабақшалар негізінде 34 құзыреттілік орталығын ашу жоспарланып отыр.

Биыл алғаш рет 25 мыңнан астам баланы оқу орындарына қауіпсіз тасымалдау үшін арнайы мектеп автобустарының автопаркі ауқымды түрде жаңартыла бастады. Осы мақсат үшін әкімшіліктер 515 мектеп автобусын сатып алатын болды.

КІТАПХАНА

Мектеп оқушылары тек күнделікті сабақ оқумен шектелмеуі керек. Оқушы мектеп кітапханасына да міндетті түрде бас сұғып отыруды әдетке айналдырғаны жөн. Кітап оқу үшін барлық жағдай жасалған. Қазіргі таңда мектеп кітапханаларының қоры кітаппен толық қамтылған.

Жоба жанданып келеді

Мәселен, кітап қорының 89 пайызын көркем әдебиет құраса, қалған 11 пайызын деректі, фантастикалық және басқа да туындылар құрап отыр. Олар үлес салмағы бойынша негізінен бастауыш сыныптарға, одан кейін негізгі орта сыныптарға, содан соң жоғары сыныптарға тиесілі көрінеді.

Жалпы, еліміздің мектеп кітапханаларындағы кітап қоры 2 миллион данадан астам кітаппен толыққан. Мектеп кітапханаларына сатып алынған көркем әдебиеттердің ішінде «Абай жолы» бірінші орында, екінші орында Бауыржан Момышұлының «Ұшқан ұя» шығармасы, одан кейін Абайдың қара сөздері, әлем әдебиеті бойынша Марк Твеннің «Геклберри Финннің бастан кешкендері» мен Пауло Коэльоның «Алхимик» шығармасы тұр.

ОҚУ КУРСЫ

Алматы қаласы Қылмыстық атқару жүйесі департаментіне қарасты ЛА-155/6 мекемесі аумағында №2 кәсіптік-техникалық мектеп жұмыс істейді. Колонияның өнеркәсіптік аймағының аумағында орналасқан бұл білім беру мекемесі 1973 жылдан бастап бар.

Кәсіптік білім де қажетке жарайды



Нұржамал ӘЛІПШЕВА

Қазіргі таңда кәсіптік-техникалық мектеп ғимаратында «механикалық жинау жұмыстарының слесарі», «металл жоңғышқа арналған арнайы технология» және «материалтану теориясы» сынды 3 кабинет жұмыс істейді. Жасөспірімдерге А.Өтеулиев, К.Бакотов, Б.Изенбаев, К.Мендіханов, К.Өмірбеков сияқты тәжірибелі мамандар сабақ береді. Сонымен қатар, «ағаш ұстасы-құрылысшыларға арналған арнайы технология және материалтану» бойынша А.Аяханов, А.Аджиев, К.Нуркин сынды оқытушылар жұмыс жүргізеді.

Иә, ЛА-155/6 түзеу мекемесінде жазасын өтеп жатқан балалар мұнда кәсіптік білім де алып шыға алады. Олар «құрылыс-ағаш ұстасы», «металл жоңғыш», «механикалық жинау жұмыстарының слесары» топтарына оқуға қабылданады. Сотталғандардың оқу мерзімі 6 ай. Олар сосын оқыған мамандығы бойынша өндірістік шеберханалардан тәжірибеден өтеді. Практикадан өту және біліктілік емтихандарын тапсыру мерзімі аяқталғаннан кейін сотталған балалар мемлекеттік үлгідегі куәлік алады.

Биылғы бірінші жартыжылдықта ЛА-155/6 мекемесі аумағындағы №2 кәсіптік-техникалық мектепті «құрылыс-ағаш ұстасы» бойынша 11 бала бітіріп, оларға «2-ші разрядты ағаш шебері» біліктілігі берілді. «Металл жоңғыш» тобын да 11 жасөспірім тәмамдап, 2-ші разрядты токарь біліктілігін иеленді. Ал «механикалық жинау жұмыстарының слесарі» мамандығын 2-ші разряд бойынша 12 адам бітірді.

Жалпы, оқу курсын барлығы 34 жасөспірім аяқтады. Кейін жазасын өтеп болып, бостандыққа шыққанда осы алған мемлекеттік үлгідегі куәліктері бойынша жұмысқа орналаса алады.

САУАЛНАМА

Жалақы басты мәселеге айналды

Қазіргі кезде кітапханашылардың басты мәселесі – жалақының төмендігі болып отыр. Осы ретте еліміздің кітапханашылары арасында жүргізілген сауалнамаға қатысушылардың 88 пайызы да осы мәселені көрсетіп, нақтылай түскен.

Сонымен қатар, кітапхана қорын толықтыру да күн тәртібіндегі мәселенің біріне айналып отыр. Себебі, бұл мәселе осы жылдар ішінде өз шешімін таппады. Тек соңғы 1,5 жылдың ішінде 23 пайызға толықтырылғанымен, бұл әлі де жеткіліксіз.

Сондай-ақ, кітапхана жиһазы мен кітапхана қызметін автоматтандыру да өзекті мәселеге айналып отыр. Кітапханашылардың біліктілігін арттыру да өзекті мәселелердің бірі. Өйткені, бүгінге дейін «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан 632 кітапханашы ғана өткен.

Бетті әзірлеген Рая ЕСКЕНДІР.



ИНДЕТПЕН КҮРЕС

СТЕЛС-ОМИКРОН

иммунитетімізге шабуыл жасауға көшті



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматыда биылғы 16 маусымнан бастап коронавирус қайта бас көтерді. Тіпті, КВИ жұқтырғандар саны күннен-күнге көбейіп келеді. Содан бергі 29 күн ішінде 77 адам тіркелген. Яғни тәуліктік өсім 0,032%-ға жетті. 100 мың тұрғынға шаққандағы апталық көрсеткіші 16,63-ке дейін көтерілді, репродуктивтік саны (R саны) 1,78-ге жетті (республикалық көрсеткіш – 1,76). Бұл көрсеткіштер ковидтің 1 науқас-тан 2 адамға жұғып жатқанын білдіреді.

Ковид қайта бас көтерді

Денсаулық сақтау министрлігі жүргізетін коронавирустық инфекцияның эпидемиологиялық ахуалын бағалау матрицасы бойынша Алматы қаласы әзірше «жасыл» аймақта тұр (биылғы 29 маусымға дейін КВИ жұқтырған 497 адам тіркелген). Лайым солай болғай!

Маусымның 23-і күні референс-зертханаға ПЦР нәтижесі оң болып шыққан 74 сынама жеткізілген, соның нәтижесі бойынша 58 (78,4%) сынамалар стелс-мутацияның, 16 сынама (22%) омикрон-мутацияның ықтималдылығын көрсетті (толық-геномдық секвенирлік зерттеу жалғасып, растау күтілуде). Бұл нәтижелер бүгінгі таңда COVID-19-дың кенеттен өрши бастауына вирустың стелс-омикрон түрі себеп болып отырғанын анықтаған.

Маусым айының 10–29 аралығында ковидке шалдыққан 458 адамның арасында мүлдем ковидке қарсы екпе алмағаны – 60% (275 адам), 112-сі (24%-ы) вакцинаның екі дозасын да алған, бірақ 6 айдан кейінгі тиісті ревакциналадан өтпеген. Жалпы, КВИ жұқтырып отырған адамдардың ішіндегі иммунитеті әлсірегендер мен азғасында қорғаныс қабілеті мүлдем жоқтардың үлес салмағы 84%-ды құрап отыр. Яғни вакцина мүлдем



салдырмағандар мен ревакциналадан өтпегендердің стелс-омикронна шалдығып жатқанын байқап отырмыз.

Екпе алмағандар жұқтыруда

Сонымен қатар, маусымның 23-інен бастап вакцинаны толық алғандар COVID-19-ға қайта шалдыға бастағаны анықталып, күніне 11–16 адамнан тіркеле бастаған. Ал былтыр толық вакцина алғандардың арасында жыл ішінде 3306 адам ковидке қайта шалдықса, биыл 6 айдың ішінде 5294 адам қайтадан ауырған. Бұл көрсеткіштер вакцина алғанына бір жылдан асқандардың иммунитеті жоғала бастағанын, ал стелс-омикрон сол әлсіреген иммунитетті бұзып-жарып, ағзаға тез енетін қабілетке ие екенін айқындап отыр.

Ковид жұқтыру көрсеткіші осы қарқынмен жалғаса берсе, Алматы қаласы Денсаулық сақтау министрлігінің эпидемиологиялық жағдайды бағалау матрицасының белгілі бір шектеулерді қолдануға мәжбүрлейтін «сары» аймағына (100 мың тұрғынға шаққанда 25,0-ге жеткен жағдайда) өтуі әбден мүмкін. Дәрігер-мамандар осы жағдайлардың алдын алу, ковидтің кең етек жайып кетпеуі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ТҮРКИЯ елінде соңғы екі аптада коронавирус жұқтырғандар саны 3 есе артқан. Дегенмен, елдің бас дәрігері алаңдауға еш себеп жоқ деп отыр. Көрсеткіш көп болғанымен, ауруханаға келіп, емделушілер жоқтың қасы. Қазіргі тарап жатқан коронавирустың белгілері кәдімгі тұмауға ұқсас деп бағалап отыр жергілікті мамандар. Алайда, министр үлкен кісілер мен созылмалы ауруы бар жандарды сақ болуға шақырып отыр.

ГЕРМАНИЯ жерінде де ковидке шалдыққандардың қатары артып барады. Өткен аптада бір тәулікте 120 мың адам вирус жұқтырған көрінеді. Жалпы, күзде елде жаппай вакциналаудың жаңа науқаны басталмақ. Елдің денсаулық сақтау министрі коронавирустың жаңа толқынын алдын алу үшін қысқа дейін кемінде 40 млн адамға вакцина салынады деген болжам айтып отыр.

ЕУРОПА жерінде де алаңдаушылық басым. Ұлыбританияда соңғы аптада ковид жұқтырғандар саны 20%-ға артқан. Португалия, Германия, Франция, Грекия, Австрия, Италия, Швейцария мен Испанияда да наукастар саны көбейген. Еуропаның аурулардың алдын алу және бақылау орталығы мамандарының болжамы бойынша, негізінен «омикрон» штамының мутациялары таралып жатқан көрінеді. Оның үстіне, жаз мезгілінде арлы-берлі ағылған туристер саны артқан.

ӨЗБЕКСТАН билігі ковид-емханаларын қайта аша бастапты. Олар дерттің таралуының алдын алуға күш жұмсауда. Емханалар Ташкенттің 12 ауданында ашылады. Олар КВИ анықталған, бірақ ауру асимптоматикалық немесе жеңіл түрде жүретін пациенттердің денсаулық жағдайын бақылаумен және оларға амбулаториялық немесе үйде медициналық қызмет көрсетумен айналысады.

КЕРЕК КЕҢЕС

Дәні де пайдалы

Қарбыздар да сатылымға шыға бастады. Оны үлкен де, кіші де сүйсіне жейді. Қарбыздың 92 пайызы судан тұрады. Оның адам организмін тазалауда пайдасы орасан.

Құрамына А, В, С дәрумендері кіреді. Сондай-ақ, антиоксидант және аминокислота секілді пайдалы компоненттер бар. Ыстық күндері қарбыздың маңызы тіптен арта түседі.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының мәліметінше, ең жоғарғы деңгейдегі дәрумендердің барлығы қарбызда екен. Сонымен қатар, қарбызда ликопин компоненті бар. Оның жүрекке, сүйекке пайдасы өте зор.

Қан қысымы жоғары адамдарға және цистит, простатит сынды аурулардан зардап шегетін жандарға қарбыз шырынын жиі ішкен пайдалы.

Қарбыздың өзі тұрмақ, қара дәнінде де құнар бар екен. Өйткені, ол нәрлі заттармен байытылған, ішінде минералды тұз, темір және магний болады.

Қарбыздың отаны – Африка. Әлемнің түкпір-түкпіріне ең алғаш осы ыстық елден тараған.



СҰРАҚ-ЖАУАП

Тікенектің шығуы шемішкеден бе?



Мен жас босанған анамын, сәбиім әлі қырқынан да шықпады. Осыдан бірнеше күн бұрын баламды жуындырып, денесін сылағанымда арқасынан тікенектер шығатынын байқадым. Бұл неден болады?

ӘСЕЛ,
қала тұрғыны.

Оқырман сұрағына жауап алу үшін педиатр Динара Оңласынқызына хабарласқан едік.

– Халық арасында бала құрсақта жатқан кезде анасы шемішке жиі шақса, онда сәби тікенектен туады деген сенім бар. Бұл мүлде олай емес. Иә, жүкті әйел жақсы тамақтанып, дәрумендер қабылдауы керек. Бұл ана мен баланың денсаулығының жақсы болуына септігін тигізеді. Бірақ әйел адамның жүкті кезінде жеген тағамдары құрсақтағы балаға тікелей әсер етпейді. Ал баланы майлаған кезде қолға тікенің білінуі нәрестенің терісіне жағылған майдан болуы мүмкін. Кейбіреулер тікенді алып тастап жатады. Бірақ тіпті алмаған күннің өзінде оның балаға еш зияны жоқ, – дейді маман.

Дәрігерлердің айтуынша, тікен кез келген нәрестеде бола бермейді. Егер байқалып жатса, баланы жақсылап шомылдырған сайын тікенек жоғалып кетеді. Нәрестенің терісі өте нәзік болғандықтан, уқалаған кезде, жуындырғанда өте ұқыпты болған абзал.

МАМАН КЕҢЕСІ

ҚҰЙРЫҚ МАЙ сорғызудың да қауіі бар



Айнұр
СЕНБАЕВА

Құйрық май халық емінде жиі пайдаланылады. Әсіресе, әжелеріміз жаңа туған нәрестелерді қойдың майымен сылап, майлап жататын. Сондай-ақ, балаларға суық тиіп, тұмауратқанда да құйрық майды сорғызады, арқасына, табанына жағып қояды.

Құйрық майдың халық емінде пайдасы жоқ емес болар, дегенмен денсаулық сақтау саласында, халықаралық деңгейдегі стандарттарда құйрық маймен емдеу қолданылмайды. Өйткені, құйрық майдың денсаулыққа пайдасы, соның ішінде балалардың денсаулығына әсері ғылыми түрде дәлелденбеген. Алматы қаласындағы №7 емхананың дәрігері Ақнұр Бауыржанқызының айтуынша, үй жағдайында құйрық майды жөнсіз қолдана беруге болмайды.

«Бұрын да, тіпті қазіргі кезде де әжелер мен аналар кішкентай балаларды құйрық маймен сылап жатады. Бірақ бір нәрсе ескеру керек, құйрық майдың ертеректе медицина дамымай тұрған кезде ем үшін пайдаланылғаны рас. Алайда, нәресте ауырса, оны маймен емдеп аламын деу әбестік. Әсіресе, тұмауратып ауырып тұрған баланың кеудесін маймен мүлде сылауға болмайды. Өйткені, баланың тыныс жолдары одан сайын қабынып, обструктивті бронхитке ұласып кетуі мүмкін. Сондықтан құйрық майды ем үшін пайдаланғанда бала денесінің температурасын ескеру керек. Сондай-ақ, кейбір балаларда қойдың майы-



на аллергия болуы мүмкін немесе майдың иісі баланы лоқсытып, жүрегін айнытады. Мұның бәрі баланың денсаулығына кері әсер етеді. Жаңа туған нәрестені қойдың майымен сылап, оны бесікке бөлеуге болмайды. Баланың ыстығы көтеріліп, тыныс алуы нашарлап, ауруханаға түскеніне талай рет куә болады», – дейді дәрігер.

Педиатр Ақнұр Бауыржанқызының айтуынша, бір жасқа толмаған, тіпті одан да ересектеу балаларға құйрық майды сорғызудың да қауіі бар. Сондай-ақ, кейбір аналар баланың жөтелін қойдырымыз деп майды сүтке қосып ішкізіп жатады. Бұл да дәрігерлер құптай бермейтін ем. Өйткені, құйрық майдың құрамы өте құнарлы. Мұндай ауыр тағамды қорытуға сәбидің бүйрек, бауыр, ұйқы безінде май ферменттерін ерітетін без әлі толық қалыптаспаған. Сондықтан балаларда өт және ішек жолдарының ауруы пайда болуы ықтимал.

«Жалпы, кез келген майды балалар масажына қолдануға болмайды. Өйткені, баланың тері саңылаулары түрлі сұйықтықпен бітеліп қалса, зат алмасуы бұзылып, тыныс алуы тежеледі, баланың физиологиялық дамуы тежеледі», – дейді маман.

үшін қала тұрғындарын вакциналау мен ревакцинациялау қажет деп отыр. Бұл, әсіресе, мүлдем вакцина алмағандарға қатысты.

Бізде 64 егу пункті жұмыс істеп тұр

Бүгінгі таңда Алматы қаласы бойынша халықты коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау және ревакциналау жұмыстары жалғасуда.

Кешегі 30 маусымдағы көрсеткішке сүйенсек, КВИ-ге қарсы екпенің бірінші дозасымен 1,2 млн адам (қамтылғаны – 79%) егілген. Ал екінші дозасын 1,1 млн-нан астам адам (98%) қабылдаған.

«Комирнати» вакцинасының (Пфайзер) бірінші дозасымен 98 мыңнан астам адам, екінші дозасымен 91 мыңнан астам адам (екпе алуға жататын тұрғындардың 94%-ы) егілді. Ал осы жылдың 30 маусымына дейінгі көрсеткіш бойынша ревакцинамен қамтылғандар саны 58%-ды құрайды.

Шаһар бойынша ковидке қарсы вакцина салу жұмыстарын жүргізетін 64 егу пункті жұмыс істеп тұр. Дәл қазіргі сәтте егу пунктерінде QazVak вакцинасының 124 453 дозасы, Vero Cell Синофармнан 185 112 доза бар. Ал «Комирнати» вакцинасының 6123 дозасы бар, енді қосымша шамамен 10 000 дозасы жеткізіледі.

Қала халқына коронавирус инфекциясына қарсы екпе салу үшін вакциналар жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілген деп отыр мамандар.



ҚФФ

ҚАЗАҚСТАН ФУТБОЛЫ ШАРЫҚТАЙДЫ

ҚФФ президенті мен УЕФА басшысы Қазақстан футболының негізгі даму бағыттарын белгілеп, өзара бірлескен жобалар дайындады.

УЕФА-ның Ньон қаласындағы (Швейцария) штаб-пәтерінде Қазақстан Футбол федерациясы делегациясының еуропалық әріптестерімен жұмыс кездесулері өтті. Қазақстандық мамандар бірнеше күн ішінде УЕФА-ның түрлі департаменттерінің басшыларымен футболды дамытудың барлық бағыттары бойынша одан әрі тығыз ынтымақтастық орнатуға байланысты жұмыс консультацияларын өткізді.

Осы келіссөздердің қорытындысы бойынша екі ұйымның президенті – Александр Чеферин мен Әділет Барменқұловтың кездесуі болды. Онда бірқатар стратегиялық шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, ағымдағы жылдың қараша айында UEFA Assist және UEFA Academy бағдарламалары шеңберінде УЕФА және көрші мемлекеттердің жетекші сарапшыларын тарта отырып, қазақстандық мамандар үшін STEP (Senior Team Executive Programme) білім беру семинары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, 2023 жылы Қазақстанда алғаш рет УЕФА Лозанна университетімен (Швейцария) бірлесіп іске асыратын CFM (Certificate in Football Management) білім беру жобасы шеңберінде оқыту жүзеге асырылады. Жобаның басталуы 2023 жылдың ақпан айына белгіленген.

Ессапар барысында Қазақстан тарапы УЕФА өкілдеріне NatTrick бағдарламасы аясында Қазақстанда бұқаралық футболды дамыту бойынша дайындалған жоба ұсынды. Оның ішінде бұқаралық футболға бағытталған инфрақұрылымды дамыту және жақсарту бағдарламасы да бар. Еуропалық әріптестер осы жобаны іске асыруда жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екендіктерін білдірді.

Айта кеткен жөн, UEFA GROW бағдарламасының шеңберінде қазақстандық тарапқа Social



Return on Investment жобасы бойынша зерттеулерді іске асыруға жәрдем көрсетілетін болады. Бұрын осыған ұқсас зерттеулер Еуропаның бірқатар елдерінде жүргізіліп, ол футболдың дамуына салынған қаражаттың тиімділігін көрсеткен. Зерттеу жүргізілген елдерде балалар мен жасөспірімдер футболын және бұқаралық футболды дамытуға жұмсалған қаражат медицинаға, қылмысқа қарсы күреске және т.б. шығындарды айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік беретіні дәлелденді. Жақын арада еуропалық және қазақстандық мамандар біздің еліміз үшін осындай зерттеу жүргізетін болады.

Elite Player Development бағдарламасы бойынша жаттықтырушыларға арналған білім беру курстарын күшейту және ҚФФ жанындағы Ұлттық академияның жобасын әзірлеу арқылы футбол орталықтарын қолдау жөніндегі жобаларды іске асыру жалғастырылады. Сондай-ақ, Қазақстанда 17 жасқа дейінгі немесе 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасында Еуропа

чемпионатының финалдық кезеңін ұйымдастыру бойынша жоба бірлесіп дайындалатын болады. Бұл жастар футболын дамытуға қосымша серпін береді деп күтілуде.

– Біз Қазақстан футболын дамыту бойынша жаңа стратегияны бекітудің сатысында тұрмыз. Біз үшін осы стратегия шеңберінде дайындалған жобаларға шетелдік мамандардан оң баға алу өте маңызды. Біз УЕФА-ның қолдауын жоғары бағалаймыз. УЕФА президенті Александр Чеферинмен қол жеткізген барлық уағдаластықтар біздің стратегиямызда көрсетілген мақсаттарға қол жеткізуге бағытталған. Олар білім беру, жаттықтырушыларды оқыту, бұқаралық футболға арналған футбол инфрақұрылымын жақсарту, балалар мен жасөспірімдер футболын дамыту сияқты негізгі тақырыптарды қозғайды. Біздің еліміздің футбол әлеуеті зор, – деді ҚФФ президенті Әділет Барменқұлов.

ҮСТЕЛ ТЕННИСИ

Алматыда үстел теннисі бойынша Қазақстан чемпионатының екінші және үшінші лигалары аясындағы ойындары өтуде.

Ішкі біріншілікте тартыс бар

Алматының «ADD» үстел теннисі орталығында Қазақстанның ашық командалық чемпионатының екінші және үшінші лигалары аясындағы кездесулердің 2-ші туры өтуде. Әзірге турнирлік кесте келесідей тізбекте тұр:

Екінші лига. Көшбасшылық орында – «DEA» (Қостанай қаласы), одан кейін «Қостанай», «Мартөбе №12 БЖСМ» (Шымкент), «ТТ Prime» (Қарағанды), «Сұңқар» (Шымкент), «ASM» (Бішкек, Қырғызстан), «Топжарған» (Шымкент), «Dream team» (Алматы), «Auroga» (Нұр-Сұлтан), «Қарағанды-2 ОРМБЖМ», «Қарағанды-3 ОРМБЖМ» кезектесе тұр.

Үшінші лига. Қазақстан чемпионатының үшінші сатысында командалар екі топқа бөлінген. Бірінші топ үздік нәтижемен «Арыстан» (Орал, 1-орын), келесі кезекте «АК Алтын» (Жетісай, 2-орын), «Team Spirit» (Нұр-Сұлтан, 3-орын) орналасқан. Сондай-ақ, екінші топта Екібастұз (1-орын), Өскемен (2-орын) және Түркістан (2-орын) үздік нәтижелерге ие (3-орын). Ел біріншілігіне жалпы жиырма бір команда қатысады.



БОКС

Қазақстанда «Елорда Кубогі» атты халықаралық турнир өтіп жатыр.

Біз боксшыларымызға сенеміз?



Жақсылық Үшкөмпіров атындағы Жекпе-жек сарайында бокстан «Елорда Кубогі» халықаралық турнирі өтіп жатыр. Әлемнің 10 елінен келген былғары қолғап шеберлері 7 салмақта кіл мықтыны анықтайды.

Жарыстың алғашқы күндері Сәкен Бибосынов, Теміртас Жүсіпов, Серік Теміржанов, Асланбек Шымбергенов, Нұрбек Оралбай сынды Ұлттық құрама көшбасшылары, әлем чемпиондары алғашқы жекпе-жектерінде жеңіске жетті. Өкінішке орай, отандасымыз Армат Арманұлы жапон құрамасының ең танымал боксшысы – әлем чемпионы Севон Оказадзавамен болған тартысты кездесуде жеңіске жете алмады. Төрешілер көпшілік шешімімен жеңісті жапон спортшысына берді.

Әйелдер арасында да жан алысып, жан беріскен айқастар көп болды. Атап айтқанда, Римма Волосенко, Мәдина Нұршаева, Марина Вольнова және Ләззат Күнгейбаева жеңімпаз атанды. Өкінішке қарай, тәжірибелі Надежда Рябец алғашқы айналымда қытайлық боксшыға есе жіберді.

Айта кеткен жөн, «Елорда Кубогі» 4 шілдеге дейін жалғасады.

ТЕННИС



ҮЗДІКТЕРДЕН ҮМІТ КӨП

Ерлер мен әйелдер арасындағы Қазақстанның бірінші ракетка шеберлері – Александр Бублик пен Елена Рыбакина «Уимблдон» турнирінде айтулы жеңістерге жетті.

Теннистен Қазақстанның бірінші ракеткасы Александр Бублик Ұлыбританияның астанасы Лондонда өтіп жатқан «Уимблдон» жарысында келесі кезеңге өтті. Әлемдік рейтингте 38-орында тұрған қазақстандық теннисші әлемнің 64-ші ракеткасы серб Душан Лайовичті Ұлыбритания ашық чемпионатының екінші раундында жеңді, есеп – 7:6 (9:7), 6:2, 7:5. Екі сағатқа созылған ойын ішінде біздің теннисшіміз 17 эйс орындап, үш брейк жасады.

Айта кеткен жөн, Бублик пен Лайович

бұған дейін Australian Open–2021 сайысында кездескен. Ол кезде серб спортшысы жеңіске жеткен болатын. Осы сайыста Александр қарымта қайтарды деуге болады. Үшінші кезеңде Александр Бублик әлемнің 28-ракеткасы Фрэнсис Тиафомен кездеседі. Алғашқы айналымдарда АҚШ-тың теннисшісі италиялық Андреа Вавассори мен германиялық Максимилиан Мартерерді жеңді.

Қазақстанның бірінші ракеткасы Елена Рыбакина да Ұлыбританияның ашық чемпионатының үшінші раундына шықты. Әйелдер арасындағы жеке разрядтың екінші айналымында Рыбакина 2019 жылғы US Open жеңімпазы, канадалық Бианка Андреескуден (әлемнің 56-ракеткасы) басым түсті – 6:4, 7:6 (7:5). Енді спортшымыз беделді турнирдің төртінші айналымына шығу үшін қытайлық Чжэн Цинвэньге (әлемнің 52-ракеткасы) қарсы өнер көрсетеді.

Сондай-ақ, Жанель Рүстөмова мен Сандұғаш Кенжебаева юниорлық «Уимбл-

дон» іріктеуінің финалына шықты. Бірінші айналымда 18 жасқа дейінгі ойыншылар арасында әлемдік рейтингтің 92-ші позициясын иеленген Сандұғаш Кенжебаева тартысты ойында британдық Руби Куллингті (447 ITF Juniors ракеткасы) жеңді. Екі сағаттан астам уақытқа созылған кездесу 7:6 (5:7), 6:3, 10:7 нәтижемен аяқталды. Енді іріктеудің шешуші кезеңінде отандасымыз әлемнің 85-ракеткасы Исис ван ден Брейкке қарсы ойнайды.

Ал әлемдік рейтингте 145-орында тұрған қазақстандық Жанель Рүстөмова бірінші раундта 18 жасқа дейінгі ойыншылар арасында Үндістаннан келген Шрути Ахлаватты жеңді. Бір сағаттан аз уақытқа созылған кездесу біздің теннисшінің екі сеттегі жеңісімен аяқталды. Жанель келесі кездесуінде әлемнің 78-ракеткасы, словениялық Эла Нала Миличке қарсы ойнайды.

**Бетгі әзірлеген
Досбол АТАЖАН.**



ОҚЫРМАНДАР НАЗАРЫНА!

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен және тұрақты авторларымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, телефон: 261-59-11, «Евразия Пресс» агенттігі», «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін)

1 айға – 600,50 теңге // 3 айға – 1801,50 теңге // 5 айға – 3002,50 теңге

15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін)

1 айға – 1620,50 теңге // 3 айға – 4861,50 теңге // 5 айға – 8102,50 теңге

95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін)

1 айға – 440,50 теңге // 3 айға – 1321,50 теңге // 5 айға – 2202,50 теңге

Анықтама үшін телефондар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

2022 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

МӘДЕНИЕТ

Еңбекақы 75%-ға артты



Биылғы жылдың шілде айынан бастап «Ұлттық» мәртебесі бар мәдениет мекемелері қызметкерлерінің еңбекақысы 75%-ға өсті.

Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаевтың айтуынша, мәдениет және архив

ісі ұйымдары қызметкерлерінің еңбекақысы орта есеппен әр жыл сайын 20%-ға өсетін болады.

«Бұл жұмыс 2025 жылға дейін жүргізіледі, яғни осы кезеңде еңбекақы көлемі 100%-ға артады. Мемлекет басшысының Жарлығына сәйкес 1 шілдеден бастап «Ұлттық» мәртебесі бар мәдениет мекемелері қызметкерлерінің еңбекақысы 75%-ға артты», – деді Мәдениет және спорт министрі Дәурен Абаев.

Министрдің айтуынша, елімізде кино өндірісі қарқынды дамып келеді. Мәселен, «Қазақфильм» киностудиясын жаңғырту жүзеге асырылып жатыр, «Қазақ анимация» шығармашылық бірлестігін құру бойынша жұмыс жүргізіліп отыр. Бұл бірлестік биыл көрермендерге 10 пилоттық жоба ұсынбақ. Рейтингі жоғары анимациялық фильмдер мен кинокартиналарды қазақ тіліне дубляждауға қаражат бөлінеді.

Димаш – Алматы төрінде



Алматыдағы орталық стадионда 23 қыркүйек күні әнші Димаш Құдайбергеннің концерті өтеді. Бұл туралы әншінің өзі әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

«2022 жылғы 23 қыркүйекте Алматы қаласында

«Stranger» атты концертім өтеді! Бұл менің оңтүстік астанада ұйымдастырылатын алғашқы жеке шығармашылық кешім. Құрметті тыңдармандарыммен туған елімде қайта кездесетініме қуаныштымын, сіздерді асыға күтемін!», – деп жазды Димаш Құдайберген.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де,
ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51;

8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ШЕШІМ

Алматы қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы
№2/115-271 қаулысы

Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы №4/562-2694 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Алматы қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы қаласы әкімдігінің 2019 жылғы 28 қарашадағы №4/562-2694 «Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы» қаулысына келесі өзгеріс енгізілсін:

аталған қаулының қосымшасындағы:

реттік нөмірі 1 жолы алынып тасталсын.

2. Алматы қаласы әкімінің аппараты аталған қаулыны қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жарияласын.

3. Алматы қаласы Жер қатынастары басқармасы осы қаулыдан туындайтын өзге де қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Алматы қаласы әкімінің орынбасары М.Б.Әзірбаевқа жүктелсін.

Алматы қаласының әкімі

Е.ДОСАЕВ

ӘУЕЗОВ АУДАНЫ

Үзілді-кесілді қарсымыз

Кенжебек Жақыпов есімді алматылық желі қолданушы 10 А ықшамауданындағы үйлердің маңында әлдекімдердің тандыр-пеш жасап жатқанын суретін салып, оған тұрғындардың барлығы қарсы екенін жазыпты.

– Көпқабатты тұрғын үйлер орналасқан жерге жеке адамдардың кәсіп ашуына біз үзілді-кесілді қарсымыз. Біз бұл істі заңсыз деп есептейміз. Күн болса, мынау, күйіп тұр. Ашық аспан астында тұрған тандыр газ баллонмен жұмыс істейтін көрінеді. Құдай бетін әрі қылсын, егер алда-жалда күннің қызуынан жарылып жатса, оған кім жауап береді? «Сақтықта қорлық жоқ». Біз Әуезов ауданы әкімдігінен мына кәсіпті жүргізуге тез арада тосқауыл қоюын сұраймыз, – дейді тұрғындар.

Желі қолданушылар арасында қызу талқыланып жатқан бұл жағдай жұрттың ашуын келтіріп отырғаны сөзсіз. Мәселеге өз ойын білдіргендер көп. Бірі «полиция қайда қарап отыр?» десе, екінші бір тұрғын «Мұның бір ғана жолы бар. Сотқа беру керек!» дейді. Мұндай газға қосылған тандыр-пеш Абай даңғылы мен Алтынсарин көшелерінің қиылысында да тұр, – дейді Малика Таирова.

Байқағанымыз, тұрғындардың жанайқайын Әуезов ауданы әкімдігінің қызметкерлері естігісі жоқ. Әлеуметтік желіде қанша пікір жазылып, тұрғындар тарапынан құзырлы орындарға өтініш айтылып жатса да, бір жауап қайтарылғанын оқымадық, көрмедік. Бұлай болса, біз Алматыны заманауи қала деңгейіне қалай шығарамыз?!. Өкініштігі де осы.



Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы

Алматы қаласының әкімдігінің 2022 жылғы 30 маусымдағы №2/115-271 қаулысы



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Серік ЖҰМАБАЕВ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Рая ЕСКЕНДІР

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық шаруа-
шылық бөлімінің редакторы –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама бөлімінің
менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
Алия ЕСИМХАНОВА
тел.: 232-36-51. e-mail:
aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ

Газетті жеткізу бойынша
шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ
Алматы поштамтына: 259-88-99
(ішкі 20500, 20018) телефондары
арқылы хабарласыңыз



Республикаға тарайтын қоғамдық-
саяси қалалық басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqshamy» ЖШС.
almatyagqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі
күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –
Досбол АТАЖАН**

Газет Қазақстан Республикасының
Ақпарат және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80ВР00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында теріліп,
беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші
жауап береді.
Автордың мақалалары редакция
көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің
электронды нұсқасы
«AIR ASTANA»
әуе компаниясы бортындағы
жолаушыларға қолжетімді.**

Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ.



«Жас Ұлан» тартуы



Рая
ЕСКЕНДІР

Биылғы Балалар жылына орай Оқушылар сарайының «Өрнек» лагерінде қала мектептерінің «Жас Ұлан» ұйымы үздіктерінің слеті өтті. Екі күн бойы Әуезов, Медеу, Алмалы, Бостандық аудандарының үздік «жасұландықтары» өздерінің барлық мүмкіндіктерін ортаға салды. Олар ән мен күй, үздік би және спорттан жарысқа түсті. Әсіресе, олардың қолөнерге деген қызығушылықтары басым түсті.



– «Жас Ұлан» ұйымының үздіктері биылғы Балалар жылын ерекше атап өтіп жатыр. Олар осынау қызыққа толы екі күннің ішінде дәстүрлі өнерді жаңғыртып, қолөнермен шұғылданды. Ән мен биден, спорттың бірнеше түрінен өзара жарысқа түсті. Жаңа достар тауып, өздерінің мақсат-мұраттарын бірге қанаттандырды. Бір сәтті де босқа өткізбей, таза ауада іс-шаралар ұйымдастырды. Оқу ошаттары өздерінің қоғамдық жұмыстарға да белсене қатысып, бос уақыттарын босқа өткізбейтіндіктерін танытты. Озат оқушылар өздерінің қай салада да озат екендіктерін көрсетті, – дейді Оқушылар сарайының директоры Айгүл Болатбекқызы.

Алматыға оралған соң, «Жас Ұлан» ұйымының слеті жалғасын тапты. Алматының сегіз ауданындағы «жасұландықтар» өздерінің бір жыл бойғы Балалар жылы аясында жүргізген жұмыстарының есебімен таныстырды.



КӨБЕЙ, ҚАЗАҚ!

Алматыда үшем дүниеге келді

Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында үшем дүниеге келді

Орталық дәрігерлерінің мәліметінше, жаңа туған нәрестелердің үшеуі де қыз бала. Олар 1600 және 1400 грамм салмақпен туған. Үшемдердің анасы қыздарын кесарь тілігі арқылы дүниеге әкелді. Қазіргі уақытта ана мен сәбилердің денсаулығын дәрігерлер жіті қадағалауда.



Айнұр
НҮРСАБЕТ

«Бірінші туған қыз бастапқыда өздігінен тыныс алды. Салмағы төмендеу екі қыз үш күн өкпенің инвазивті емес желдету аппаратында реанимацияда жатты. Жағдайлары тұрақтанған соң, патология бөлімшесіне ауыстырылды. Қазір сәбилердің денсаулығына ешқандай қауіп төніп тұрған жоқ. Бүгінде олардың денсаулығы жақсы, жағдайы тұрақты», – деді нәрестелер реанимациясы бөлімшесінің меңгерушісі Саният Сұлтанова.

Алматыдағы Перинатология және балалар кардиохирургиясы орталығында жыл басынан бері 97 егіз және бір үшем дүниеге келді.



3 ШІЛДЕ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

«БАБАМЫЗДЫҢ ҮНІСІН СЕН, ДОМБЫРА!»



Айжан
БҮРКІТБАЕВА

3 шілде – Ұлттық домбыра күні. Қазақтың бағзыдан келе жатқан қасиетті аспабы – ұлтымыздың киесі, қасиеті, һәм қазынасы. Сол себептен атаулы мерекеге орай қаламыздағы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейіне барғанбыз.

Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі әлем бойынша музыкалық аспаптарға арналған таңдаулы музейлердің бірі болып саналады. Қазіргі таңда музейде 50-ге жуық елдің мәдениетімен таныстыратын 9 экспозициялық зал жұмыс істейді. Сондай-ақ, музейде ұлттық аспап – домбыраға ерекше ықылас бөлінген. Бұл туралы Ықылас атындағы халық музыкалық аспаптар музейі ғылым бөлімінің меңгерушісі Жаная ҚОЖАХАНМЕН әңгіме өрбіттік.

– Музейде домбыраға арналған арнайы зал қарастырылған ба?

– Жалпы біздің музей – Ықылас атындағы халық аспаптар музейі республика бойынша тек қана музыкалық аспаптарға арналған жалғыз музей болып саналады. Музей қабырғасы 1981 жылы қаланған. Бүгінгі таңда музейде 9 зал жұмыс істейді. Оның 5 залы қазақ халқының музыкалық аспаптарына арналса, қалған 4 залы әлем халықтары музыкалық аспаптарына арналған. Осы 9 залдың 2 залынан домбыра аспабын көруге болады. Ал үшінші зал – мемориалдық музыка аспаптары орналасқан зал. Бұл залда XIX-XX ғасырда өмір сүрген әйгілі күйші-композиторлар, ақын-жыраулардың домбыралары орналастырылған. Мысалы, Абай, М.Өтемісұлы, Ақан сері, Біржан сал, Ш.Құдайбердіұлы, Д.Нұрпейісова, Н.Тілендиев, М.Хамзин, Ж.Елебеков, А.Жұбанов, К.Әзірбаев, т.б. белгілі тұлғалардың түпнұсқа, өздерінің ұстаған домбыраларын кездестіруге болады. Әр домбыраның өзінің жеке тарихы бар. Оның ішінде тікелей ұрпақтары немесе шәкірттері тапсырған, кейбіреулерін өздері көзі тірісінде әкеліп музейге өткізген домбыралар да кездеседі.

– Музейде заманауи шеберлер жасаған домбыралар бар ма?

– Музейдегі бесінші залымыз «Шеберлер залы» деп аталады. Ол залда өткен ғасырдың және бүгінгі таңда арамызда жүрген белгілі шеберлердің туындылары қойылған. Яғни аталған залдан қазақ халқының әртүрлі аспаптарын кездестіруге аламыз. Соның



Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.



– Музейге келушілер көбіне қандай жәдігерге қызығады?

– Біздің музейде көбі домбыра мен қобыз ғана бар деп ойлайды. Алайда, бізде қазақ халқының көптеген аспаптары сақталған. Күнделікті өмірде мүлдем естімеген аспаптар да кездеседі. Мәселен, үрлемелі желбуаз аспабы, керней, дауылпаз, дабыл, қосдүңкілдек, т.б. Музейге келушілер қатарында шетелдіктер жиі кездеседі. Олар музей мен аспаптардың тарихын мұқият тыңдап, қызығушылық танытады. Келушілер арасында жас буын өкілдері бар. Оның ішінде мектеп оқушылары көп келеді. Күніне 300–500 оқушыға дейін келетін кездер болады.

– Музейге жаңадан түскен домбыраларды кімдер жасайды?

– Бұрын музейдің штаты үлкен болған. Шеберлер де көп болды. Сол уақыттарда 80–90-жылдарда ашылған кезде болса керек, музейдің жанында цех болған екен. Сол жақта аспаптар жасалған. Қазіргі таңда, өкінішке орай, ондай цех жоқ. Біздің өз реставраторымыз бар. Ол кісі бірақ музейден тыс фирмада жұмыс істейді. Сол жақта аспаптарымызға реставрациялық жұмыстар жасайды. Жалпы, өзіміз Алматы қаласындағы шеберлермен тығыз байланыстамыз. Оларға тапсырыспен аспаптар жасатамыз. Сондай-ақ, ол кісілердің аспаптарын, үздік туындыларын музейге алып тұрамыз.

Сонымен қатар, музейде «Аңыз домбыра» домбыра аспабын жасаушы шеберлердің Республикалық байқау-бәйгесі өткізіліп отырады. Байқау-бәйгенің мақсаты – домбыраның қоңыр, көне дыбысын қайтару және ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан сан ғасырлық тарихы бар музыкалық аспаптар жасау шеберлігін жандандыру, насихаттау. Жалпы, музейде атакты күйшілердің домбырасынан бастап, жас шеберлердің қолынан шыққан заманауи домбыраларға дейін бой түзеп тұр.

ішінде домбыралар да бар. Музейден «Шерттер» аспаптар жасайтын фирмасының шеберлері – ағайынды Ділмановтар, Н.Оқанов, К.Сейдахметов, А.Иманғалиева, Е.Рахымбековтің домбыраларын кездестіруге болады.

– Музейде домбыраның қандай түрлері сақталған?

– Домбыраның негізгі екі түрі бар: жұмыр шаңақты және қалақша домбыра. Жұмыр шаңақты домбыра төкпе күйлерді орындауға Қазақстанның батыс, оңтүстік өңірлерінде кеңінен қолданылған. Ал қалақша домбыра шертпе күйлерді орындауға, әндерді сүйемелдеуге пайдаланылған. Ол Арқа өңірі, Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Жетісуда, Орталық өңірде кең танымал болған домбыра. Бүгінгі таңда қалақша домбыраға қарағанда жұмыр шаңақты домбыра көп қолданылады. Музейде домбыраның ерекше түрлерінен құралған коллекция да бар. Мысалы: қуыс мойын домбыра, алмұрт пішінді домбыра, екіжақты домбыра, қосдомбыра – қоссаз және т.б.